

*Мырзалиев Б. С.
Әбдішүкіров Р. С.*

**БУХГАЛТЕРЛІК
ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ
ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕРІ**

П Р А К Т И К У М

**Алматы
2006**

ББК 65.052
М 91

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің
ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылған*

Рецензенттер:

Көпешов Ш., экономика ғылымдарының докторы, профессор
Өскенов М., экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

М 91 Мырзалиев Б.С., Әбдішүкіров Р.С.

Бухгалтерлік операцияларды жүргізудің әдістері:–
Практикум. Алматы: Нұр-пресс, 2006. –130 бет.

ISBN 9965-813-03-5

Бұл оқу құрал бухгалтерлік есептің оқуын бастаған студенттер мен колледждің оқушыларына арналған. Ол бухгалтерлік есеп шоттары Типтік жоспарының қазіргі заманғы талаптарымен сәйкес жазылған. Онда оқып жатқан көпшілік үшін бухгалтерлік есептің егжей-тегжейін білу мен шұғыл бухгалтерлік жұмыс бойынша тәжірибелі дағдыларын алудың ең оңай және түсінерлік әдістері қолданылған.

Оқу құралы студенттер мен басқа оқитындарға шаруашылық операцияларды (проводкаларды) құру әдістерінің барлық егжей-тегжейін білуді мақсат етіп қояды.

Шоттардың Типтік жоспары 2005 жылдың 1 қаңтарына олар бейнеленетін құжаттарды көрсетуімен қоса шоттардың корреспонденциясы беріледі.

Кітап шұғыл бухгалтерлік жұмыстың қойылуы және техникасымен қызығатын барлық бұл саладағы өзінің компетенциясының деңгейінен тәуелсіз кәсіпкерлерге, сондай-ақ басшылар, бухгалтерлер мен қаржыгерлерге бағытталған.

ББК 65.052

М 0605010205
00(05)-06

ISBN 9965-813-03-5

© Авторлық ұжым, 2006.

© Нұр-пресс, 2006.

Кіріспе

Нарықтық қатынастар Қазақстан экономикасына (былайша айтқанда, ТМД-ң барлық елдеріне сияқты) үлкен өзгерістер енгізді. Егер бұрынғы уақытта экономикалық қатынастар бірыңғай мемлекеттік меншіктің негізінде құралса, енді олар есеп айырысулар, пайда, тиімділік негізінде құрыла бастады.

«Пайда» деген ұғым жартылай түрде көзге ғана сипатқа ие болатын еді, өйткені оны мемлекет өзі пайдаланатын еді және кәсіпорындарда оны алуға ынта болмағандығы еш кімге құпия емес. Әдеттен тыс, бірақ шынын айтқанда, кейбір кәсіпорындар (әсіресе одақтық ведомстволардың) өздерінің шығыстарын әдейі жоғарылатып көрсететін еді, өйткені залал шегетін жағдайда, мемлекет, әдеттегіше, оларды өзінің жәрдем қаржыларымен өтеп беретінін білетін еді.

Анықтап айтқанда, кәсіпорынның күнелту, даму және өркендеудің көзі пайда алу емес, мемлекеттік нұсқау болатын еді. Әміршіл экономиканың мұндай теріс механизмдері бухгалтерлік есептің жүргізілуіне де өз әсерін тигізіп қалдырды.

Мәселен, кәсіпорынның балансы мемлекеттік механизмді бейнеленеді, яғни кәсіпорынның жарғылық капиталының қалыптасуына тиісті мән берілмесе де, шығыстардың әрбір бабы атап көрсетілген. Оған қоса баланс өте өрістеген және рабайсыз еді.

Алайда барлық аталған азғана өзгешеліктері кезінде бухгалтерлік есептің әдістемесін үйренуге өндірісте де, оқу орындарында да тиісті көңіл бөлінетін еді. Өндірістерде оқушыларды үйрету үшін жетекші бухгалтерлер болған, ал кез келген экономикалық ЖОО-да бухгалтерлік есеп кафедрасы ұйымдастырылған еді. Жұмыс орындарында нұсқаулар мен көрсетулер жеткілікті болған.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта бухгалтерлік есепті жүргізу және үйрету әдістемесі өте қиын кезеңге ұшрап отыр. Бірақ бұл – уақыттың әмірі және одан құтылып немесе аттап кету мүмкін емес.

Біздің көзқарасымыз бойынша оның қиындығы біз ескі механизмін бұзып, бірақ жаңасын әлі құрып болмағандығымыздан тұрады. Және біз төмендегі маңызды проблемалар бойынша пайда болған мәселелерді шешуіміз керек:

- 1) Бухгалтерлік есеп шоттарының Бас, одан соң Типтік жоспары.
- 2) Қаржылық есеп беру мен салықтық есеп бойынша жиынтық табысты анықтау және салыстыру
- 3) Экономиканы мемлекет тарапынан реттеудің салықтық тәртібін енгізу.

Ал біздерге, педагогтарға, және бір маңыздылығы кем емес проблема: оқытуды жүргізу кезінде әрбір студенттің дербес мүмкіндіктері мен қабілеттілігін есепке алу. Өйткені бүгінгі студенттен ертеңгі экономист-бухгалтер шығады ғой!

Қазіргі уақытта көптеген әдістемелік көрсетулер шығып жатыр, бірақ олар таза кәсіби сипатқа ие болады, сондықтан да студенттер үшін түсініксіз болып қала береді.

Өкінішке орай, студенттердің арасында кейде, ол туралы дауыстап: «Бухгалтерлік есепті біз бұл жерде (яғни ЖОО-да) ешқашан да үйрене алмаймыз, оны кейінірек өндірісте үйренеміз, сондықтан күшенудің қажеті жоқ» деген теріс пікір пайда болады. Онымен біз шешімді түрде келіспейміз және оларды: «Бухгалтерлік есепті сіздер бұл жерде үйренуге тиістісіздер, ал өндірісте өздеріңіздің білімдеріңіз бен дағдыларыңызды жетілдіресіздер» деп сендіреміз.

Осы ой-пікір авторларды бұл оқу-әдістемелік құралды жазуға түрткі болды. Егер ең болмағанда бір студент оны оқып шығып басшылыққа алатын болса біз тек қана ризашылығымызды білдіреміз.

Оқу құралы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-ң «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Б.С.Мырзалиевтің басшылығында (кіріспе, III бөлім, жалпы редакция), сол кафедраның аға оқытушысы Р.С.Әбдішүкіров (I,II,VI бөлімдер), сондай-ақ тәжірибелі мемлекеттік қызметшілер мен менеджерлер – Түркістан қаласы бойынша салық комитетінің төрағасы Қ.С.Сыздық (IV,V бөлімдер), «АЖБқұрылыс» ЖШС-ң бас директоры М.А.Мұзрапов (I,IV бөлімдер), «Гелиос» ЖШС-і Шымкент филиалының директоры Э.А.Мұзрапов (II,V бөлімдер), «Дарын» колледжінің аға оқытушысы С.С.Әбдішүкіров (I,V,VI бөлімдер), мемлекеттік мекеменің бухгалтері Д.Р.Әбдішүкіровтар (II,VI бөлімдер) дайындаған.

Әдістемелік көрсетулер

Қазіргі кезеңде шоттардың Типтік жоспарында 166 баланстық және 14 баланстан тыс шоттар бар. Бірінше рет қарағанда, шоттардың мұнша санының барлық аталуын ұғып алу іс жүзінде мүмкін емес сияқты болып көрінеді. Өкінішке орай, мұндай ой-пікір әсіресе бухгалтерлік есептің үйренуіне енді-енді кірісіп жатқан студенттерде жиі пайда болады. Сондықтан бұл кезең студент үшін де, педагог үшін де өте маңызды, өйткені кез келген мезетте ол өзгерісті болып кетуі мүмкін.

Экономикалық ЖОО-дың студенттерінің барлығы да кәсіби бухгалтерлер болып кетпейтіндігін дей жағдайды есепке ала отырып, авторлар бәрі бір іс жүзіндегі бухгалтерлік жұмыстың негізі деп қосарлы бухгалтерлік жазуды, яғни проводкаларды дұрыс құруды есептейді.

Өйткені қосарлы бухгалтерлік жазу өздерінің арасындағы қисынды байланыста құрылатын екі баланстық шоттардың корреспонденциясынан тұрады. Яғни, дұрыс жазу келесі бір ізді әрекеттерді талап етеді:




- а) Тағайындалу бойынша қажетті шоттарды жіктеу мен таңдап алу
- б) Таңдап алынған шоттардың арасындағы қисынды байланыс.

Бұл жұмыста белгілі бір тәжірибеге ие бола отырып, авторлар өздерінің алдына мына мақсатты қояды: қойылған мәселені зерттеп үйрену жолындағы қисынды тізбекті құруында студенттерге толық дәрежеде жәрдем ету.

Ол үшін бірінші кезекте, біздің пікірімізше, бухгалтерлік жұмыста тәжірибелі дағдыларды алудағы қолдан келетін жәрдем ете алатын тиісті бөлімдер мен бөлімшелер бойынша бухгалтерлік шоттарды жіктеу кестесін құрамыз. Ол барлық уақытта студенттің жұмыс столында болуы тиіс.

№1 кесте бірнеше бағаналардан, атап айтқанда: 1) балансқа қатысы бойынша жіктеу, яғни активті немесе пассивті болып; 2) бөлімдердің нөмірі; 3) бөлімшелердің нөмірі; 4) бөлімдердің аталуы және 5) ескертуден тұрады.

Бухгалтерлік шоттарды жіктеу кестесі

Балансқа қатысы бойынша жіктеу	Бөлімдердің нөмірлері	Бөлімшелердің нөмірлері	Бөлімдердің аталуы	Ескерту
Активті	1	10, 11, 12, 13, 14 <div style="text-align: center;">  П </div>	Айналымнан тыс активтер	111 – 116, 131 – 134 шоттар
Активті	2	20, 21, 22	Тауар-материалдық қорлар	
Активті	3	30, 31, 32, 33, 34, 35	Дебиторлық қарыздар және басқа активтер	
Активті	4	40, 41, 42, 43, 44, 45	Қаржылық инвестициялар мен ақшалар	
Пассивті	5	50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57	Меншікті капитал	
Пассивті	6	60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68	Міндеттемелер	
Пассивті	7	70, 71, 72 <div style="text-align: center;">  кП </div>	Табыстар	711 – 713 шоттар
Активті	8	80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87 <div style="text-align: center;">  кА </div>	Шығыстар	862 – 864, 871 шоттар
Активті	9	90, 91, 92, 93	Өндірістік есеп шоттары (калькуляциялық)	Үлестіруші-жинақтаушы шоттар

Ескерту: П – пассивті, кП – контрпассивті, кА – контрактивті шоттар.

Біздің пікірімізше бұл кесте студенттер үшін мыналар бойынша нақтылы мүмкіндік береді:

а) Шоттың активтілігі немесе пассивтілігін дұрыс анықтауға.

б) Бөлімнің берілген нөмірінің аталуына негізделіп, бөлімшелердің аталуларын қатесіз анықтау мен жадында тұтуға (атап айтқанда сабақты құр жаттап алу емес, оны жадында тұту).

в) Контрактивті мен контрпассивті шоттардың ерекшелігін анық бақылап отыруға.

г) Калькуляциялық шоттар бойынша есепті ұйымдастырудағы студенттердің жұмысын айқындауға.

Сондықтан студенттердің назарына синтетикалық бухгалтерлік шоттар (№2 кесте бойынша) мен шаруашылық операциялардың типтік өзгерістерінің жеңілдетілген сызбалары (№3 кесте бойынша) ұсынылады.

№ 2 кесте

Синтетикалық бухгалтерлік шоттардың сызбасы

Активті шоттар		Пассивті шоттар	
Дебет	Кредит	Дебет	Кредит
Бастапқы сальдо			Бастапқы сальдо
+	-	+	-
Активтердің келуі және көбеюі	Активтердің кетуі және кемуі	Меншікті капитал немесе міндеттеме- лердің кемуі	Меншікті капитал немесе міндеттеме- лердің көбеюі
Дебеттік айналым	Кредиттік айналым	Дебеттік айналым	Кредиттік айналым
Соңғы сальдо			Соңғы сальдо

№ 3 кесте

Шаруашылық операциялардың типтік өзгерістерінің сызбасы

Дт		Кт	
<i>Шаруашылық құралдар</i>		<i>Шаруашылық құралдарының көздері</i>	
Көбеюі	Кемуі	Кемуі	Көбеюі
<i>Активті шоттар</i>		<i>Пассивті шоттар</i>	
А I тип	А	II II тип	II
←————→	←————→	←————→	←————→
А	III тип	←————→	
		II	II
		←————→	←————→
		II IV тип	А

Сондай-ақ бухгалтерлік есепті студенттер тарапынан үйренуді жеңілдету үшін бухгалтерлік есептің белгіленген стандарттарынан кейбір ауытқуларды әдейілеп жасауды ұсынамыз. Оқу орындардағы

педагогикалық жұмыстың тәжірибесі ҚР-сы Қаржы министрлігімен дайындалған бухгалтерлік есеп шоттарының Бас, одан соң Типтік жоспары синтетикалық шоттар аталуларының стилистикасын түсінуде бастауыш курс студенттері қиыналатындығы көрініп жүр.

Әрине, бухгалтерлік есеп шоттарының Типтік жоспары есеп жұмысында белгілі дәрежеде тәжірибесі бар кәсіби бухгалтерлерге арналған. Сондықтан кейбір шоттардың аталулары енді оқи бастаған студенттерді олардың тәжірибелі дағдыларын игеруге теріс әсерін қалдыратын қолайсыз жағдайға алып келеді. Оған қоса бухгалтерлік есеп бойынша практикалық сабақтарды өндірісте тәжірибелік жұмыс істеп көрмеген оқытушылар жүргізетіндігі еш кімге құпия емес. Сонымен қатар бұл аталған жағдайды қиындатады.

Сондықтан, бухгалтерлік есепті зерттеп үйрену оқу процесінде ең осал жер болған және болып қала береді. Ең ақырында бұл жағдай оқытушыларды студенттерден, студенттерді оқу процесінен ажыратады, яғни өзара байланыс бұзылады.

Бұл проблеманы шешу үшін авторлар бірінші кезекте шоттардың бұрынғы бірыңғай жоспарында болған дай, кейбір шоттар аталуының оңайлатылған дәрежесі ұсынылады. Мысалы, «Алуға тиіс шоттар» шотының аталуын «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілер» деп атау; «Еңбек ақы бойынша персоналмен есеп айырысулар» шотын – «Еңбек ақы» деп атау; «Қызметкерлер және басқа тұлғалардың есепті қарыздары» шотын «Есепті тұлғалар» деп атау және т.б.

Бұл жағдай студенттер білімін белгілі деңгейіне көтеру кезіне дейін орын алады. Авторлар мұндай ережені уақытша қолданудан бухгалтерлік есептің стандарттары мүлдем бұзылмайды деп есептейді. Одан басқа олар студенттердің назарына бухгалтерлік есепті енді оқи бастаған студенттерді оңайластырған түрде бухгалтерлік проводкалар жазудың техникасын үйренуді ұсынады. Қажеттілік жағдайына қарай бухгалтерлік есептің басқа да мәселелері қаралады. Оқу материалы қарапайым және өте ыңғайлы түрде берілген.

Үйрену әдістемесіне кірісуден алдын студенттерге бұрын өткен оқу материал мен ондағы кейбір белгілі жағдайларды қайталау ұсынылады:

1) Кәсіпорынның активтері мен пассивтері деген не?

Активтер – бұл кәсіпорын құралдарының бар болуы мен оның дебиторлық қарыздарын (кәсіпорынға біреу бірдене үшін қарыз болған жағдайда) білдіретін объектілер.

Пассивтер – бұл кәсіпорын құралдарының пайда болу көздері мен оның кредиторлық қарызын (кәсіпорын біреуге бірдеңе үшін қарыз болған жағдайда) білдіретін объектілер.

2) Активті және пассивті бухгалтерлік шоттар деген не?

Активті болып кәсіпорынның активтерін, ал пассивті – болып кәсіпорынның пассивтерін бейнелейтін шоттар саналады.

3) Активті шоттар дебетте көбейеді (қосылады), ал кредитте – кемиді (шығыс етіледі). Пассивті шоттар дебетте кемиді (төленеді), ал кредитте – көбейеді (есептеледі). (№ 2 кестеге сәйкес).

4) Шаруашылық операциялардың 4 типін есімізге түсірейік:

а) Бірінші «Активті - активті» тип кезінде баланстың активінде тек қана өзгеріс болады $[A (+) - A (-)]$.

б) Екінші «Пассивті - пассивті» тип кезінде баланстың пассивінде тек қана өзгеріс болады $[П (-) - П (+)]$.

в) Үшінші «Активті - пассивті» тип кезінде баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болады $[A (+) - П (+)]$.

г) Төртінші «Пассивті - активті» тип кезінде баланстың активі мен пассивінде кему жағына өзгерістер болады $[П (-) - A (-)]$. (№ 3 кестеге сәйкес).

5) Кез келген шаруашылық операциялар жасалған кезде баланстың активі мен пассивінің теңдігі барлық уақытта міндетті түрде сақталады. Оны мынадай фактімен салыстыруға болады: бір ыдысқа қанша су құйылса да – судың беті тегіс болып қала береді.

Енді, біз қажетті белгілі жағдайларды есімізге түсіргеннен кейін, шаруашылық операциялар (проводкалар) жасаудың әдістемесіне кірісеміз. Ол үшін біздің кестемізді белсене пайдаланамыз. Уақытты үнемдеу мақсатында қажетті бөлімшелерді қараймыз, ал қалғандары үшін шоттардың Типтік жоспарындағы олардың орнына сілтеу жасаймыз.

I Бөлім

АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР

Бұл тарау активті және 5 (10, 11, 12, 13, 14) бөлімшелерден тұратындығы кестеден көрініп тұр. Бірақ олардың ішінен 2 (11 мен 13) бөлімшелер пассивті, оларды біз кейінірек қараймыз. Материалдық емес активтер, негізгі құралдар мен инвестициялар активтер болып табылады, өйткені олар бар болуды білдіріп активті шоттарда бейнеленеді.

Олардың келуін (көбеюін) қараймыз:

Бұл жағдайда олар дебет бойынша өтеді. Мұнда біз олардың келу (көбею) көзіне назар аударуымыз керек.

а) Жеткізушілерден. Жеткізушілермен есеп айырысу №671 «Төленуге тиісті шоттар» пассивті шотында бейнеленеді. Активтер жеткізушілерден келуіне байланысты шаруашылық операцияның жазылуы №101-106; 121-126; 141- 144 шоттардың дебетіне № 671 «Төленуге тиісті шоттар» кредитінен жасалады. Жазу төмендегінше көрсетіледі:

Дт	Кт	Құжаттар
101-106	671	Шот-фактура
121-126		
141-144		

Жазудың дұрыстығын тексереміз: операцияның үшінші «Активті - пассивті» типіне сәйкес бір жағынан кәсіпорын активтерінің, ал екінші жағынан бір мезгілде жеткізушіге кредиторлық қарыздың көбеюі пайда болады. Бұл жағдай жазудың дұрыс жасалғанын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын жеткізушіден 2005 жылы тамыздың 19 жұлдызында № 619 шот-фактура бойынша 1200000 теңгеге компьютерлер алды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
125 А (+)	- 671 П (+)	= 1200000	3 типті операция

б) Материалдық емес активтер, негізгі құралдар субъектінің өзімен құрастырылды.

Материалдық емес активтерді, негізгі құралдарды ұйымдастыру көздері: ақша қаражаттары, еңбек ақы және калькуляциялық шығындар болуы мүмкін. Демек, шаруашылық операцияның жазылуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	құжаттар
101 – 104 122 - 125	(441, 451, 681, 900)	жүкқұжаттар, еңбек ақы бойынша есептер, калькуляциялар

Негізгі құралдарды ұйымдастыру көздері: құрылыс материалдары, еңбек ақы, еңбек ақыдан бөлінетін қаржылар, үстеме шығыстар, аяқталмаған құрылыс. Шаруашылық операцияның жазылуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
126	(126, 208, 333, 635, 681)	№29 үлгідегі шекті алу картасы, материалдық есептер, жүктелімдер, есептеу ведомосы, аванстық есеп
122 -----	126	Объектті пайдалануға беру акті.

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№126, 208, 441, 451 және т.б.) болған жағдайда 1 типті операция жүргізіледі, баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (яғни ресурстар аяқталмаған құрылысқа немесе аяқталмаған құрылыс – негізгі құралға айналады).

Пассивті шот (№635, 681 және т.б.) болған жағдайда 3 типті операция орын алады, баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болады (яғни аяқталмаған құрылыстың көлемімен қатар бір мезгілде кредиторлық қарыз көбейеді). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) аяқталмаған құрылысқа 2005 жылдың маусым айында материалды-жауапты тұлғалардың материалдық

есептері бойынша на сумму 1800000 теңге сомада құрылыс материалдары шығыс етілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
126 А (+)	- 208 А (-)	= 1800000	1 типті операция

2) 2005 жылы тамыздың 30 жұлдызындағы пайдалануға беру актісіне сәйкес 5000000 теңге құнымен үйдің құрылысы аяқталып пайдалануға берілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
122 А (+)	- 126 А (-)	= 5000000	1 типті операция

3) 2005 жылдың III тоқсанында үйдің құрылысына 2005 жылдың қыркүйек айында құрылыс бригадасының жүктелімдеріне сәйкес 800000 теңге мөлшерде еңбек ақы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
126 А (+)	- 681 П (+)	= 800000	3 типті операция

в) Материалдық емес активтер, негізгі құралдар жарғылық капиталға салым ретінде енгізіледі.

Бұл жағдайда негізгі құралдардың пайда болу көздері кәсіпорынның жарғылық капиталына құрылтайшылардың салымдары болып табылады. Бұл №511 «Төленбеген капитал» шоты оның шаруашылық субъектінің жарғылық капиталына салым түрінде енгізіліп төленбегенін, ал кәсіпорын қызметінің тоқтау жағдайында бұрынғы иелеріне қайтарылатынын білдіреді.

Дт	Кт	Құжаттар
101 – 106 121 - 126	511	Құрылтай құжаттары, қабылдау-өткізу акті, жүкқұжаттар, бағалау акті.

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында пассивті шот орналасқан.

Бұл жағдайда 3 типті операция болады: яғни баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болады (материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың көлемімен қатар құрылтайшылар салымдарының да мөлшері көбейеді). Бұл жағдай жазудың дұрыс жасалғанын куәландырады.

Мысал келтіреміз: кәсіпорынның жарғылық капиталына құрылтайшылармен салым ретінде 2005 жылы қыркүйектің 18 жұлдызында құрылтай құжаттары, бағалау акті мен жүкқұжатқа сәйкес 900000 теңге сомада көлік құралы енгізілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
124 А (+)	- 511 П (+)	= 900000	3 типті операция

г) Материалдық емес активтер мен негізгі құралдар қайтарымсыз түрде алынды. Бұл жағдайда келудің көзі оларды сырттан заңды және жеке тұлғалар тарапынан қайтарымсыз түрде берілуі болып табылады. Ал бірденені қайтарымсыз түрде алу шаруашылық субъект үшін негізгі емес қызметтен түскен табыс болып саналады, сондықтан оған салық салынады.

Дт	Кт	Құжаттар
101 – 106 121 – 126	726, 727	Жолдама құжаттары, қабылдау-өткізу акті, жүкқұжаттар, бағалау акті.

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында пассивті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда 3 типті операция болады: яғни баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болады (материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың көлемімен қатар негізгі емес қызметтен түскен табыстың мөлшері көбейеді). Бұл жағдай жазудың дұрыс жасалғанын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын өзінің бас кәсіпорынынан қайтарымсыз түрде 2005 жылы шілденің 26 жұлдызындағы бас кәсіпорынның шешімі, қабылдау-өткізу акті мен №124 жүкқұжатына сәйкес 2000000 теңге құнымен машиналар мен жабдықтар алды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
123	-	727	= 2000000	3 типті операция
А (+)		П (+)		

д) Негізгі құралдарды қайта бағалау. Экономиканың заңдарына сәйкес инфляция нәтижесінде мүліктің қымбаттау болып тұрады. Сондықтан оқтын-оқтын (мемлекеттік статистикалық комитеттің нұсқауларына сәйкес) негізгі құралдардың қайта бағалануы жүргізіледі.

Бұл жағдайда олардың құнының арту көзі №541 пассивті шотта бейнеленетін негізгі құралдардың қайта бағалануынан қосымша төленбеген капитал болады. Шаруашылық операцияның жазуы төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
121 – 126	—————	541	Есептер, бағалау акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында пассивті шот орналасқан.

3 типті «Активті-активті» операцияға сәйкес бір жағынан кәсіпорын активтерінің құны артады, бір мезгілде екінші жағынан – негізгі құралдардың бағалаудан болған қосымша төленбеген капитал көбейеді. Демек, шаруашылық операцияның жазуы дұрыс жасалған.

Мысал келтіреміз: Республика Үкіметінің нұсқауымен жүргізілген негізгі құралдарды қайта бағалау нәтижесінде 2005 жылы қаңтардың 21 жұлдызында жасалған қайта бағалаудың материалдарына сәйкес үйдің құны 560000 теңгеге артты. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сом	Ескерту
122	-	541	= 560000	3 типті операция
А (+)		П (+)		

Сонымен, біз активтер көбеюінің (келуінің) әр түрлі жағдайлардағы мәселелерін қарадық.

Енді кәсіпорын активтерінің кему (шығыс етілу) жағдайларын қараймыз.

Бұл жағдайларда негізгі құралдар кредит бойынша өтеді. Мұнда біз кәсіпорын активтерінің құны қайда шығыс етілетіндігіне (бағытталатындығына) назар аударуымыз керек.

а) Активтерді өткізу және жою. Бұл шаруашылық операциялар № 842 «Негізгі құралдардың есептен шығуы бойынша шығыстар» активті шотта бейнеленеді. Екі жағдайда да шығыстар бұл активті шотқа шығыс етілгендіктен, негізгі құралдар енді кредиттік жақта орын алады және шаруашылық операцияның жазылуы №842 шоттың дебетіне №121 – 125 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
842	————	121 – 125	Келісім шарты, түгелдеу акті, негізгі құралды шығыс ету акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті шот орналасқан, демек, баланстың активінде тек қана өзгерістер болатын 1 типті «Активті-активті» операция орын алады. Бір жағынан негізгі құралдың шығыс етілуі бойынша шығыстар артып жатса, екінші жағынан сол сомада кәсіпорынның активтері шығыс етіледі. Бұл

жағдай жазудың дұрыс жасалғанын білдіреді. **Мысал** келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы мамырдың 28 жұлдызындағы негізгі құралды өткізу (жою) актісіне сәйкес 380000 теңге сомада көлік құралы өткізілді (шығыс етілді). Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сумма	Ескерту
842 А (+)	- 124 П (-)	= 380000	1 типті операция

б) Жиынтық тозудың сомасын шығыс ету.

Негізгі құралды шығыс етуден (өткізуден немесе жоюдан) кейін оның жиынтық (есептелген) тозуы міндетті түрде шығыс етілуі тиіс. Жиынтық тозу жойылатын негізгі құралда, ал есептелген тозу - өткізілетін немесе таласты негізгі құралда болады.

Дебеттік жағында №131 – 134 «Негізгі құралдардың тозуы» шоттары бойынша негізгі құралдар тозуының шығыс етілуін (кемуін) бейнелейміз. Мұнда жердің тозуының есептелу мен шығыс етілуі бойынша процедуралар болмайтын фактіге назар аудару қажет. Шаруашылық операцияның жазылуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
131 – 134	—— 122 – 125	Есептеулер, негізгі құралды өткізу немесе шығыс ету акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында пассивті шоттар орналасқан. Демек, баланстың активі мен пассивінде кему жағына өзгерістер болатын 4 типті «Пассивті-активті» операция орын алады.

Бір жағынан негізгі құралдың жиынтық тозуы кемиді (жабылады), ал екінші жағынан сол сомаға негізгі құралдардың құны кемиді (шығыс етіледі). Бұл жағдай жазудың дұрыс жасалғанын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында тозған жабдық өткізілді (жойылды). Кәсіпорын жұмысының уақытысында бұл жабдық бойынша 290000 теңге мөлшерде тозу есептелді (жиналды). Өткізу (жою) нәтижесінде 2005 жылы сәуір айының 10 жұлдызындағы жабдықты өткізу (жою) актісіне сәйкес тозудың бұл сомасы жабдықтың баланстық құнынан шығыс етіледі (кемітіледі).

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
132	-	123	=	290000	4 типті операция
П (-)		А (-)			

в) Негізгі құралдардың кем шығуы. Бұл шаруашылық операциялар №334 «Басқалар, оның ішінде шағымдар бойынша қойылған алашақ дебиторлық қарыздар» активті шотта бейнеленеді. Кем шығу анықталған жағдайда шығыстар бұл активті шотқа шығыс етілетіндіктен, шаруашылық операцияның жазуы №334 шоттың дебетіне №122 – 125 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
334		122 – 125	Түгелдеу акті, айыпты тұлғалардан зиянды өндіру туралы басшының бұйрығы, сотқа берілетін талап арыз

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті шот орналасқан. Демек, баланстың активінде тек қана өзгерістер болатын 1 типті «Активті-активті» операция орын алады.

Бір жағынан негізгі құралды өндіру бойынша шығыстар көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға кәсіпорын активтері шығыс етіледі. Бұл жағдай жазудың дұрыс жасалғанын білдіреді

Мысал келтіреміз: кәсіпорында негізгі құралдарды түгелдеу жүргізілді, нәтижеде 85000 теңгеге жабдықтың кем шығуы анықталды. Түгелдеу актісіне сәйкес көрсетілген сомаға айыпты тұлғаның үстінен сотқа талап арызын беру туралы 2005 жылы қараша айының 24 жұлдызында кәсіпорын директорының бұйрығы шықты.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
334	-	123	=	85000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

Сонымен, біз айналымнан тыс активтер мөлшерлерінің көбею және азаю жағдайларын қарап талдадық.

Енді 1 тарауға жата тұрып, **пассивті** болатын 2 (11 мен 13) бөлімшелерді қараймыз, өйткені олар активтердің тозу және амортизациясының көздерін бейнелейді.

Тозу және амортизация деген не?

Тозу – негізгі құралдардың тозуының құндық шамасы.

Амортизация, өтелім – негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің моральдық және табиғи тозуы шамасына байланысты айналымнан тыс активтер құнының, олардың көмегімен өндірілетін өнімге (немесе қызметке) негізгі құралдардың қайта қалпына келуі үшін ақша қаражаттарының орнын толтыру мақсатпен, біртіндеп ауыстыру процесі.

Олардың көбеюін (есептелуін) қараймыз

Бұл жағдайда олар кредит бойынша өтеді. Мұнда біз активтердің есептелген тозуының (амортизациясының) құны қайда шығыс етілетініне (бағыттталатынына) назар аударуымыз керек.

Материалдық емес активтерде тозу деген ұғым болмайды, өйткені олардың табиғи негізі жоқ екендігін, есте сақтауымыз керек.

Бұл шаруашылық операциялар №811 «Дайын өнім, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша шығыстар», 821 «Жалпы және әкімшілік шығыстар», 935 «Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы»

Үш жағдайда да шығыстар бұл активті шоттарға шығыс етілетіндіктен, тозу мен амортизация енді кредиттік жағында болады және шаруашылық операцияның жазылуы №811, 821, 935 шоттардың дебетіне №111 – 116 , 131 – 134 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
811	111-116	Активтер тозуының (амортизациясының) сомасын есептеулер
821	131-134	
935		

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті шоттар орналасқан, демек, баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болатын 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан тозу мен амортизация есептеу бойынша шығыстар, ал екінші жағынан - бір мезгілде кәсіпорын активтері тозуы мен амортизациясының есептелуі көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында 2005 жылдың I тоқсанында өндіріске қызмет ететін машиналар мен жабдықтардың тозуы 28000 теңге сомада есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
811	-	132	=	28000	3 типті операция
A (+)		П (+)			

2) 2005 жылдың II тоқсанында жалпышаруашылық өндірісі объектілері бойынша лицензиялық келісімдердің амортизациясы 18000 теңге сомада есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
821	-	132	=	18000	3 типті операция
A (+)		П (+)			

3) 2005 жылдың III тоқсанында негізгі құралдардың тозуы 125000 теңге сомада есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
935	-	131	=	125000	3 типті операция
A (+)		П (+)			

Енді тозу мен амортизацияның кемуін (шығыс етілуін) қараймыз.

Бұл жағдайларда олар дебет бойынша өтеді. Мұнда біз есептелген немесе жиналған тозудың сомасы қай объектілердің құнынан шығыс етілетініне (шегерілуіне) назар аударуымыз керек. Бұл өткізу немесе жойылу нәтижесінде активтердің шығыс етілуі кезінде болатын жағдай.

Бұл шаруашылық операциялар №101 – 106 «Материалдық емес активтер», 122 – 125 «Негізгі құралдар» шоттарының кредитінен бейнеленеді. Екі жағдайда да тозу мен амортизация негізгі құралдар және материалдық емес активтердің құнынан шығыс етілетіндіктен (шегерілетіндіктен), олар №101 – 106, 122 – 125 шоттардың кредитімен байланысады. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
111 – 116	— 101 – 106	Есептер, активтерді өткізу немесе шығыс ету акті
131 - 134	— 122 - 125	

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті шоттар орналасқан. Демек, баланстың активі мен пассивінде кему жағына өзгерістер болатын 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады.

Бір жағынан тозу мен амортизация кемиді (жабылады), ал екінші жағынан - бір мезгілде кәсіпорын активтерінің құны кемиді (шығыс етіледі). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

(Бұл мұнан бұрын «б» Жиынтық тозудың сомасын шығыс ету бабында бейнеленген).

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында патенттер қалдық құны бойынша өткізіледі. Ол кезде олардың баланстық құны 158000 теңгені құраған, ал олар бойынша есептелген амортизация 36000 теңгеге тең болған. Соларға сәйкес 2005 жылы тамыз айының 26 жұлдызындағы №128 шот-фактура 122000 теңге сомада жазылды (158000 -36000).

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
113	- 103	= 36000	4 типті операция
П (-)	А (-)		

2) комиссия қорытындысы актісінің нәтижелері бойынша қалдық құны бойынша тозған жабдық жойылды. Ол кәсіпорында 10 жылдан

артық уақыт қызмет етті. Кәсіпорынның балансына 380000 теңге сомада қабылданған, ал ол бойынша жиынтық тозу 365000 теңгеге тең.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
132	-	123	=	365000	4 типті операция
П (-)		А (-)			

Сонымен, біз 1 тараудың шоттары бойынша шаруашылық операцияларды құрудың мүмкін болған варианттарын қарадық.

II Бөлім

ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Бұл тарау активті екені және 3 (20, 21, 22) бөлімшеден тұратындығы кестеден көрініп тұр. Материалдар, аяқталмаған өндіріс пен тауарлар активтер болып табылады, өйткені олар бар болуды білдіреді және активті шоттарда бейнеленеді.

Олардың келуін (көбеюін) қараймыз:

Бұл жағдайда олар дебет бойынша өтеді. Бұл жерде біз келудің көзіне назар аударуымыз керек.

а) Жеткізушілерден. Жеткізушілермен есеп айырысу № 671 «Төленуге тиісті шоттар» пассивті шотында бейнеленеді. Активтер жеткізушілерден келгендіктен шаруашылық операция №201 – 206, 208, 222 шоттардың дебетіне № 671 шоттың кредитінен жасалады. Жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
201 – 206	671	Шот-фактура
208		
222		

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында пассивті шот орналасқан. Демек, баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болатын 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады.

Бір жағынан материалдық қорлар, ал екінші жағынан бір мезгілде жеткізушіге кредиторлық қарыз көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыс жасалғанын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын жеткізушіден 2005 жылы наурыз айының 29 жұлдызындағы № 49 шот-фактура бойынша 600000 теңге сомаға материалдар (тауарлар) алды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
201, 222 А (+)	- 671 П (+)	= 600000	3 типті операция

Ескерту: аяқталмаған өндіріс жеткізушіден келуі мүмкін емес (өйткені ол аяқталмаған элемент болып табылады), ол негізгі өндірістен келеді.

б) Материалдық қорлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім субъектінің өзімен жасалады.

Материалдық келу көздері: есепті сомалар, ақша қаражаттары, өзара есеп айырысулар, еңбек ақы, кредиторлық қарыз, калькуляциялық шығындар болуы мүмкін. Демек, шаруашылық операцияның жазулуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
201 – 206 208	(333,451,641,681,687,900)	жүкқұжаттар, еңбек ақы бойынша есеп айырысу, калькуляциялар

Аяқталмаған өндірістің, дайын өнімнің келу көздері: негізгі және көмекші өндірістер. Демек, шаруашылық операцияның жазулуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
211 – 213	910 – 920	Аяқталмаған өндірісті шығыс ету есептері
221	900 – 920	Техникалық бақылау бөлімінің қабылдау актісі

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№333, 441, 900 және т.б.) орналасқан кезде баланстың активінде тек қана өзгерістер болатын 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни ресурстар материалдық қорларға айналады.

Пассивті шот (№641, 681,687 және т.б.) орналасқан кезде баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгеріс болатын 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады, яғни материалдық қорлардың көлемімен қатар бір мезгілде кредиторлық қарыздар көбейеді. Бұл жағдай, жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында 2005 жылы қыркүйектің 30 жұлдызында 480000 теңге мөлшерде аяқталмаған өндірістің қалдық құны шығыс етіледі.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
211 А (+)	- 900 А (-)	= 480000	1 типті операция

2) 2005 жылы шілде айының 30 жұлдызында техникалық бақылау бөлімінің актісіне сәйкес негізгі және көмекші цехтармен шығарылған дайын өнім 1600000 теңге мөлшердегі нақты өзіндік құн бойынша кіріске алынып қоймаға қабылданды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
221 А (+)	- 900,920 А (-)	= 1600000	1 типті операция

в) Тауар-материалдық қорлар капиталға салым ретінде енгізіледі.

Бұл жағдайда қорлардың келу көзі кәсіпорынның жарғылық капиталына құрылтайшылардың салымдары болып табылады. Бұл №511 «Төленбеген капитал» шоты оның төленбейтіндігін білдіре отырып, шаруашылық субъектінің жарғылық капиталына салым ретінде енгізілгенін, ал оның қызметінің тоқтау жағдайында меншік иелеріне қайтарылатындығын білдіреді.

Дт	Кт	Құжаттар
201 – 206 208	511	Құрылтай құжаттары, қабылдау-өткізу акті, жүкқұжаттар, бағалау акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында пассивті шот орналасқан. Демек, баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болатын 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады.

Бір жағынан материалдық қорлар, ал екінші жағынан бір мезгілде құрылтайшылар салымдарының көлемі көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыс жасалғанын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорынның жарғылық капиталына құрылтайшылар тарапынан салымдар ретінде 2005 жылы қазанның 28 жұлдызындағы құрылтай құжаттар, бағалау акті мен №135 жүкқұжатына сәйкес 1200000 теңгеге құрылыс материалдары енгізілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
208 А (+)	- 511 П (+)	= 1200000	3 типті операция

г) Тауар-материалдық қорлар қолма-қол ақшаға алынды.

Бұл жағдайда келудің көзі жеке тұлғалармен қолма-қол ақшаның төлемі болып табылады. Шаруашылық операцияның жазылуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
201 - 206 208, 222	451	Кассалық құжаттар, жүкқұжаттар, бағалау акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында активті шот орналасқан. Бұл жағдайда 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (яғни ақша қаражаттары тауар-материалдық қорларға айналады). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын жеке тұлғалар арқылы 2005 жылы сәуір айының 13 жұлдызында №118 жүкқұжатына сәйкес 600000 теңгеге әр түрлі тауарлар сатып алды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
222 А (+)	- 451 А (-)	= 600000	1 типті операция

д) Тауар-материалдық қорлар қайтарымсыз түрде қабылданды.

Бұл жағдайда келу көзі оларды сырттан жеке және заңды тұлғалар тарапынан қайтарымсыз түрде берілуі болып табылады. Ал бірдеңенің қайтарымсыз түрде алынуы шаруашылық субъект үшін негізгі емес қызметтен түскен табыс болып саналады және оған салық салынады.

Дт	Кт	Құжаттар
201 – 206 — 208 	726, 727	Жолдама құжаттар, қабылдау- өткізу акті, жүкқұжаттар, бағалау акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында пассивті шоттар орналасқан. Демек, баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болатын 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады.

Бір жағынан тауар-материалдық қорлардың көлемі, ал екінші жағынан бір мезгілде негізгі емес қызметтен түскен табыстың мөлшері көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыс жасалғанын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын өзінің бас кәсіпорынынан 2005 жылы ақпанның 23 жұлдызындағы бас кәсіпорынының Шешімі, қабылдау-өткізу актісі мен №89 жүкқұжатына сәйкес 600000 теңге құнымен әр түрлі тауарларды қайтарымсыз түрде қабылдады. Бұл жағдайда бухгалтерлік төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
222 А (+)	- 727 П (+)	= 600000	3 типті операция

Енді тауар-материалдық қорлардың кему (шығыс етілу) жағдайларын қараймыз.

Бұл жағдайларда тауар-материалдық қорлар кредит бойынша өтеді. Бұл жерде кәсіпорын тауар-материалдық қорларының құны қайда шығыс етілуіне (бағытталуына) назар аударуымыз керек.

а) Тауар-материалдық қорларды өткізу.

Бұл шаруашылық операциялар № 801 «Дайын өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны» және № 811 «Дайын

өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу бойынша шығыстар» активті шоттарда бейнеленеді. Шығыстар бұл активті шоттарға шығыс етілетіндіктен, тауар-материалдық қорлар енді кредиттік жағында орналасады және шаруашылық операцияның жазылуы №801, 811 шоттардың дебетіне №201 – 206, 208, 221, 222 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
801, 811	201 – 206, 208, 221, 222	Дайын өнімді, тауарларды өткізу акті; жүкқұжат, шот-фактура

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті шот орналасқан. Бұл жағдайда 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан дайын өнімнің өзіндік құны мен өткізілуі бойынша шығыстар көбейеді, екінші жағынан сол сомада кәсіпорынның тауар-материалдық қорлары шығыс етіледі). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: 1) кәсіпорында 2005 жылы қыркүйек айының 12 жұлдызындағы №189 дайын өнімді өткізу актіне сәйкес 1800000 теңгеге дайын өнім өткізілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
801 А (+)	- 221 А (-)	= 1800000	1 типті операция

2) дайын өнімді ыдыспен (жәшіктермен) қамтамасыз ету үшін 2005 жылы шілденің 16 жұлдызындағы № 86 жүкқұжатына сәйкес 6500 теңгеге құрылыс материалдары (тақта) шығыс етілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
811 А (+)	- 208 А (-)	= 6500	1 типті операция

б) Материалдық ресурстарды өндіріске шығыс ету.

Бұл жерде негізгі, меншікті, көмекші өндірістер мен олардың үстеме шығыстарының қажеттіліктеріне материалдық ресурстардың шығыс етілуі жасалады. Бұл шаруашылық операциялар №901, 911, 921, 931 «Материалдар» активті шоттарында бейнеленеді. №90, 91, 92, 93 бөлімшелердің нөмірлері өндіріс немесе шығыстардың түрін көрсетеді.

Шаруашылық операцияның жазылуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
901, 911, 921, 931 – 201 -206, 208		Материалды-жауапты тұлғалардың материалдық есептері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті шот орналасқан. Бұл жағдайда I типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан аяқталмаған өндіріс көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға кәсіпорынның материалдық ресурстары шығыс етіледі). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: үстіміздегі жылдың I тоқсанында еркектер көйлектерін тігу бойынша негізгі өндіріске 2005 жылы наурыз айындағы цех бастығының материалдық есебі бойынша 980000 теңге сомада материалдар шығыс етілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
901 А (+)	- 201 А (-)	= 980000	1 типті операция

в) Төтенше жағдайлар кезіндегі материалдық ресурстарды шығыс ету.

Бұл жерде табиғи апаттарды болдырмау немесе олардың зардабын жоюға материалдық ресурстарды шығыс ету орын алады. Бұл шаруашылық операциялар № 861, 862 «Табиғи апаттардан болған залалдар» активті шоттардың дебеті бойынша бейнеленеді.

Шаруашылық операциялардың жазылуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
861, 862	— 201 – 206, 208	Кәсіпорын бойынша бұйрық. Материалдық ресурстарды шығыс ету туралы акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан табиғи апаттардың салдарын жою бойынша шығыстар көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға кәсіпорынның материалдық ресурстары шығыс етіледі). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: көктемгі қарқын сумен бұзылған өзендегі автомобиль көпірді қалпына келтіру үшін кәсіпорын 2005 жылы сәуір айындағы жұмыс жүргізушінің материалдық есебіне сәйкес 425000 теңге сомада құрылыс материалдар шығыс етілді.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сом	Ескерту
861 А (+)	- 208 А (-)	= 425000	1 типті операция

г) Өнімсіз шығыстарға материалдық ресурстарды шығыс ету.

Бұл жерде өнімсіз шығыстар: кем шығу, қиянат жасау, қайтарымсыз түрде өткізу және т.б.ларға материалдық ресурстар шығыс етіледі. Өнімсіз шығыстар жалпы және әкімшілік шығыстарға жатады. Бұл шаруашылық операциялар №821 «Жалпы және әкімшілік шығыстар» активті шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Бірақ бұл жерде оларды, өйткені ең соңында, олар шегерулерге жатпайтындықтан «өңсіз» деген белгімен белгілеу ұсынылады.

Шаруашылық операциялардың жазылуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
821 өнсіз	— 201 -206, 208	Кәсіпорын бойынша бұйрық. Түгелдеу немесе қабылдау- өткізу акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті шот орналасқан. Демек, бұл жағдайда 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан өнімсіз шығыстар көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға кәсіпорынның материалдық ресурстары шығыс етіледі). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: жергілікті мектепке демеушілік жәрдем ретінде 2005 жылы қараша айының 26 жұлдызындағы қабылдау-өткізу актісіне сәйкес 60000 теңге сомада материалдар қайтарымсыз түрде берілді.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
821 непр А (+)	- 201 А (-)	= 60000	1 типті операция

д) Негізгі құралдардың жөнделуіне материалдық ресурстарды шығыс ету.

Бұл жерде негізгі құралдарды жөндеуге материалдық ресурстар шығыс етіледі.

Бұл шаруашылық операциялар №122 – 125 «Негізгі құралдар» активті шоттарының дебеті бойынша бейнеленеді. Бұл жерде материалдық ресурстардың құны кәсіпорынның шығыстарына емес, негізгі құралдар құнының артуына шығыс етіледі.

Шаруашылық операцияның жазуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
122 – 125	— 201 – 206, 208	Материалды-жауапты тұлғалардың материалдық есептері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті шоттар орналасқан. Демек, бұл жағдайда 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан негізгі құралдардың құны артады, ал екінші жағынан сол сомаға кәсіпорынның материалдық ресурстары шығыс етіледі).

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: цехтың өндірістік жайын жөндеу үшін кәсіпорын 2005 жылы қазан айындағы жұмыс жүргізушінің материалдық есебіне сәйкес 350000 теңге сомада құрылыс материалдарын жұмсады.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
122	-	208	=	350000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

Сонымен, біз 2 тараудың шоттары бойынша шаруашылық операцияларды құрудан мүмкін болатын варианттарын қарадық.

III Бөлім

ДЕБИТОРЛЫҚ ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БАСҚА АКТИВТЕР

Бұл тарау активті екенін және 6 (№30,31,32,33,34,35) бөлімшелерден тұратындығы кестеден көрініп тұр. Дебиторлық қарыздар актив болып и бюджет активті шоттарда бейнеленеді.

Олардың келуін (көбеюін) қараймыз

Бұл жағдайда олар дебет бойынша өтеді. Бұл жерде біз дебиторлық қарыздың келу (көбею) көзіне назар аударуымыз керек.

а) Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден. Сатып алушылармен есеп айырысу №301 – 303 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қарыздары» активті шоттарында бейнеленеді. Дебиторлық қарыздардың келіп шығу көздері: өтелуге тиіс ҚҚС-ы, негізгі және негізгі емес қызметтен түскен табыстар болатындықтан, шаруашылық операцияның жазылуы №301 – 303 шоттардың дебетіне №701, 721 – 727 шоттардың кредитінен жасалады.

Бұл жағдайда шаруашылық операцияның жазуы төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
301 – 303	———— 633,701,721-727	Шот-фактура

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында пассивті шоттар орналасқан. Демек, баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болатын 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады.

Бір жағынан дебиторлық қарыздардың көлемі, ал екінші жағынан бір мезгілде ҚҚС-ы пен салық салынудың объектісі болатын, кәсіпорынның негізгі және негізгі емес қызметтен түскен табыстың мөлшері көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыс жасалғанын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорын сатып алушыға 2005 жылы мамыр айының 28 жұлдызында № 142 шот-фактураға сәйкес 1000000 теңге сомада тауарлар өткізді. Бұл жағдайда бухгалтерлік төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
301	-	701	= 1000000	3 типті операция
A (+)		П (+)		

2) тауарлардың көрсетілген партиясына 2005 жылы мамыр айының 28 жұлдызындағы № 142 шот-фактураға сәйкес 150000 теңге сомада ҚҚС-ы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
301	-	633	= 150000	3 типті операция
A (+)		П (+)		

б) Еншілес (бағынышты) ұйымдардан. Олармен есеп айырысу №321–323 «Еншілес (бағынышты) ұйымдардың дебиторлық қарыздары» активті шоттарда бейнеленеді. Дебиторлық қарыздардың келіп шығу көзі: ақша қаражаттары, өтелуге тиіс ҚҚС-ы, негізгі және негізгі емес қызметтен түскен табыстар болатындықтан, шаруашылық операцияның жазуы №321–323 шоттардың дебетіне №441,633,701,721–727 шоттардың кредитінен жасалады.

Жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
321 – 323	—	441,633,701,721-727	Төлем тапсырмалары, шот-фактуралар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№441) жайғасқан жағдайда 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан дебиторлық қарыздар көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға кәсіпорынның ақша қаражаттары шығыс етіледі).

Пассивті шот (№633,701,721-727) жайғасқан жағдайда баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болатын 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады (бір жағынан дебиторлық қарыздар, ал екінші жағынан бір мезгілде ҚҚС-ы мен негізгі және негізгі емес қызметтен түскен табыстар көбейеді). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) есеп айырысу шотынан еншілес ұйымдардың есебінен 2005 жылы наурыз айының 23 жұлдызындағы №89 төлем тапсырмасына сәйкес 500000 теңге сомаға төлем жасалды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
321 А (+)	- 441 А (-)	= 500000	1 типті операция

2) еншілес кәсіпорынға 2005 жылы мамыр айының 6 жұлдызындағы №49 шот-фактураға сәйкес 900000 теңгеге дайын өнім өткізілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
321 А (+)	- 701 П (+)	= 900000	3 типті операция

в) Басқа дебиторлық қарыздар бойынша. Олар бойынша есеп айырысу №331, 332,333,334 «Басқа дебиторлық қарыздар» активті шоттарында бейнеленеді. Олардың келіп шығу көздері: өтелуге тиіс ҚҚС-ы, есептелген сыйақылар, қызметкер мен басқа тұлғалардың қарыздары, дауласулар бойынша есептерді қоса басқа дебиторлық қарыздар болатындықтан жазу №331–334 шоттардың дебетіне №441,451,671,681,687,722,724,727 шоттардың кредитінен жасалады.

Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
331 – 334	— 441,451,671,681,687, 722,724,727	Төлем тапсырмалары, шығыс кассалық ордерлер, еңбек ақы бойынша бет есептер, келісім шарттары, сыйақылардың есептері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№441,451) жайғасқан жағдайда 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан дебиторлық қарыздар көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға кәсіпорынның ақша қаражаттары шығыс етіледі).

Пассивті шот (№671,681,722,724,727) жайғасқан жағдайда баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болатын 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады (бір жағынан дебиторлық қарыздар, ал екінші жағынан бір мезгілде жеткізушілер мен еңбек ақы бойынша кредиторлық қарыздар, сондай-ақ негізгі және негізгі емес қызметтен түскен табыстар көбейеді). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында материалды-жауапты тұлғаға 2005 жылы сәуір айының 25 жұлдызындағы №1039 шығыс кассалық ордерге сәйкес іс сапар шығыстарына 15000 теңге сомада қолма-қол ақша берілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
333	-	451	=	15000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

2) зейнеткерлікке шығар кезде еңбегі сінген қызметкерге 2005 жылы қыркүйек айының 30 жұлдызындағы кәсіподақ комитетінің шешімі мен №9 қабылдау-өткізу актісі бойынша жеңіл автомобиль 180000 теңге құнымен сыйға тартылды.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
334	-	722	=	180000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

г) Алдағы кезеңдердің шығыстары бойынша. Олар бойынша есеп айырысу №341,342,343 «Алдағы кезеңдердің шығыстары» активті шоттарда бейнеленеді. Олардың келіп шығу көздері: сақтандыру полисі, жал ақысы, алдағы кезеңдердің басқа шығыстары

болатындықтан шаруашылық операцияның жазуы №341–343 шоттардың дебетіне №201–206,208,441,451,671,681,687,920 шоттардың кредитінен жасалады.

Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
341 – 343	201-206,208,441,451, 671,681,687,920	Төлем тапсырмалары, шығыс кассалық ордерлер, еңбек ақы бойынша бет есептер, келісім шарттары, жүкқұжаттар, орындалған жұмыстарға актілер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№201-206,208,441,451,920) жайғасқан жағдайда 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан алдағы кезеңдердің шығыстары көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға кәсіпорынның активтері мен ақша қаражаттары шығыс етіледі).

Пассивті шот (№671,681,687,) жайғасқан жағдайда баланстың активі мен пассивінде көбею жағына өзгерістер болатын 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады (бір жағынан алдағы кезеңдердің шығыстары, ал екінші жағынан бір мезгілде жеткізушілер мен еңбек ақы бойынша кредиторлық қарыздар көбейеді). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Приведем **примеры:** 1) жаңа өндірістерді дайындау, сондай-ақ жаңа агрегаттарды орнату үшін 2005 жылы маусым айындағы жұмыс жүргізушінің материалдық есебіне сәйкес 800000 теңге сомада құрылыс материалдары жұмсалды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
343	208	= 800000	1 типті операция
А (+)	А (-)		

2) 2005 жылы I тоқсанда кен орныдағы кен-дайындау жұмыстарын жүргізу үшін 2005 жылы наурыз айының 26 жұлдызындағы кен-

жүргізу бригадасының жүктеліміне сәйкес 1900000 теңге сомада кеншілерге еңбек ақы есептелді.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
343 А (+)	- 681 П (+)	= 1900000	3 типті операция

д) Берілген аванстар бойынша. Олар бойынша есеп айырысу №351,352,353 «Берілген аванстар» активті шоттарда бейнеленеді. Олардың келіп шығу көздері ақша қаражаттары болғандықтан шаруашылық операциялардың жазылуы №351-353 активті шоттардың дебегіне №423,431,441 шоттардың кредитінен жасалады.

Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
351 – 353	— 423, 431, 441	Төлем тапсырмалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында активті шоттар орналасқан. Демек, бұл жағдайда 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан берілген аванстар бойынша дебиторлық қарыздар көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға кәсіпорынның ақша қаражаттары шығыс етіледі).

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында тауар-материалдық ресурстарды жеткізіп беру үшін 2005 жылы шілде айының 26 жұлдызындағы № 832 төлем тапсырмасына сәйкес 2400000 теңге сомада аванс аударылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
351 А (+)	- 441 А (-)	= 2400000	1 типті операция

Енді дебиторлық қарыздардың кему (жабылу)
жағдайларын қараймыз

Бұл жағдайларда олар кредит бойынша өтеді. Бұл жерде біз дебиторлық қарыздың қайда шығыс етілуіне (бағытталуына) назар аударуымыз керек.

а) Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қарыздарын жабу, сондай-ақ олардың тарапынан өткізілген тауарлардың қайтарылуы. Бұл шаруашылық операциялар №441 «Есеп айырысу шотындағы ақшалар» активті, №661 «Тауар-материалдық қорларды жеткізіп беру үшін алынған аванстар» пассивті, сондай-ақ №711 «Сатып алынған тауарлардың қайтарылуы» контрпассивті шоттарда бейнеленеді. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
441	301	Төлем тапсырмалары, салыстыру акті, жүкқұжаттар, келісім шарттары
661		
711		

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№441) жайғасқан кезде 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан ақша қаражаттары көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға сатып алушылардың дебиторлық қарыздары кемиді).

Пассивті шот (№661) жайғасқан кезде баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады (бір жағынан алынған аванстар бойынша қарыздар кемиді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға сатып алушылардың дебиторлық қарыздар жабылады). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында сатып алушылардан банкідегі есеп айырысу шотына 2005 жылы қараша айының 18 жұлдызындағы №672 төлем тапсырмасына сәйкес өткізілген өнім үшін 2500000 теңге сомада ақша келіп түсті.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
441	-	301	=	2500000	1 типті операция
A (+)		A (-)			

2) кәсіпорында орындалған жұмыстар үшін алынған аванстар есебінен 2005 жылы қыркүйек айының 30 жұлдызындағы №962 Ф-2 үлгідегі анықтамасына сәйкес 2800000 теңге сомада құрылыс-құрастыру жұмыстарының көлемі тапсырылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
662	-	301	=	2800000	4 типті операция
П (-)		A (-)			

3) сауда ұйымында келісім шарттарының бабына сәйкес 2005 жылы қазан айының 13 жұлдызындағы жүкқұжат пен талабына сәйкес 400000 теңгеге бұрын өткізілген тауарлар қайтарылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
711	-	301	=	400000	4 типті операция
П (-)		A (-)			

б) Еншілес (бағынышты) ұйымдар мен бірлесіп-бақыланатын заңды тұлғалар қарыздарының жабылуы. Бұл шаруашылық операциялар №441 «Есеп айырысу шотындағы ақшалар» активті, №641 «Еншілес (бағынышты) ұйымдарға кредиторлық қарыздар», №661 «Тауар-материалдық қорларды жеткізіп беру үшін алынған аванстар» пассивті шоттарда бейнеленеді. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
----	----	----------

441	} 321-323	Төлем тапсырмалары, салыстыру акті, жүкқұжаттар, шот-фактуралар
641		
661		

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№441) орналасқан кезде 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан ақша қаражаттары көбейеді, ал екінші жағынан сол сомаға еншілес (бағынышты) ұйымдардың дебиторлық қарыздары кемиді).

Пассивті шот (№641,661) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады (бір жағынан еншілес (бағынышты) ұйымдардың және алынған аванстар бойынша қарыздар кемиді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға еншілес (бағынышты) ұйымдардың дебиторлық қарыздары жабылады). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында еншілес ұйымнан банкідегі есеп айырысу шотына 2005 жылы желтоқсан айының 10 жұлдызындағы №1042 төлем тапсырмасына сәйкес өткізілген өнім үшін 1600000 теңге сомада ақша келіп түсті.

Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
441	- 321	= 1600000	1 типті операция
А (+)	А (-)		

2) кәсіпорында бағынышты ұйымдармен пайда болған қарыздар шегінде 2005 жылы қазан айының 30 жұлдызында №587 шот-фактураға сәйкес 800000 теңге сомада құрылыс-құрастыру жұмыстарының көлемі тапсырылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
642	- 322	= 800000	4 типті операция
П (-)	А (-)		

3) орындалатын жұмыстар үшін алынған аванстардың есебінен 2005 жылы қараша айының 24 жұлдызындағы №638 Ф-2 үлгідегі анықтамасына сәйкес еншілес ұйымға 1500000 теңге сомада құрылыс-құрастыру жұмыстарының көлемі тапсырылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
662	- 321	= 1500000	4 типті операция
П (-)	А (-)		

в) Басқа да дебиторлық қарыздарды жабу. Бұл шаруашылық операциялар №201 «Шикізат пен материалдар», 904 «Негізгі өндірістегі үстеме шығыстар» активті және №633 «Өтелуге тиіс ҚҚС-ы», 687 «Басқа кредиторлық қарыздар» пассивті шоттарда бейнеленеді. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
633	331	Салық декларациясы, шот-фактура
201	333	Жүкқұжаттар, шот-фактура, аванстық есептер, ақтаушы құжаттар
687		
904		

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№201,904) орналасқан кезде 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан материалдық ресурстар мен негізгі өндірістің шығыстары көбейеді, ал екінші жағынан сол сомада есепті тұлғалардың дебиторлық қарыздары кемиді).

Пассивті шот (№633,687) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады (бір жағынан кредиторлық қарыздар (салықтар) кемиді (жабылады), ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға өтелуге тиіс ҚҚС-ның мөлшері кемиді). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорындағы салық инспекциясына тапсырылған декларацияда 2005 жылы 4 тоқсанда сатып алынған тауарлардың көрсетілген қызметтердің шот-фактураларына сәйкес 186725 теңге сомада ҚҚС-ы өтелуге алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
633	-	331	= 186725	4 типті операция
П (-)		А (-)		

2) кәсіпорында 2005 жылы 4 тоқсанда есепті тұлғалар тарапынан 2005 жылы қыркүйек айының 29 жұлдызындағы қабылдау-өткізу акті мен қалалық базардың №1325 анықтамасына сәйкес 35000 теңге сомада материалдар сатып алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
201	-	333	= 35000	1 типті операция
А (+)		А (-)		

д) Алдағы кезеңдердің шығыстарын шығыс ету. Бұл шаруашылық операциялар №938 «Басқа үстеме шығыстар», 821 «Жалпы және әкімшілік шығыстар» активті шоттарда бейнеленеді. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
938	—————	343	Есептер, бухгалтерлік анықтама
821	—————		

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№821,938) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан үстеме, жалпы және әкімшілік шығыстар көбейеді, екінші жағынан сол сомада алдағы кезеңдердің шығыстары кемиді).

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кен орны бойынша объектіні пайдалануға бергеннен соң 2005 жылы желтоқсан айының 30 жұлдызындағы объектіні пайдалануға берудің №6 актісі мен есептеріне сәйкес 3800000 теңге сомада кен-дайындау жұмыстары шығыс етіледі. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
938	-	343	= 3800000	1 типті операция
А (+)		А (-)		

е) Берілген аванстарды жабу. Бұл шаруашылық операциялар №671 «Төленуге тиісті шоттар» пассивті шотында бейнеленеді. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
671	-	351 – 353	Салыстыру актілері, шот-фактуралар.

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана пассивті шоттар орналасқан. Пассивті шот (№671) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады (бір жағынан жеткізіп берушілерге кредиторлық қарыздар, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға берілген аванстар бойынша дебиторлық қарыздардың мөлшері кемиді). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында берілген аванстар есебінен 2005 жылы қыркүйек айының 8 жұлдызындағы салыстыру актісі мен 19 жұлдызындағы №836 шот-фактурасына сәйкес жеткізіп берушіден 1500000 теңге сомаға материалдар алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
671	-	351	= 1500000	4 типті операция
П (-)		А (-)		

Сонымен, біз 3 тараудың шоттары бойынша шаруашылық операциялар құрудың мүмкін болған варианттарын қарап шықтық.

IV Бөлім

ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР МЕН АҚШАЛАР

Бұл тарау активті және 6 (№40,41,42,43,44,45) бөлімшелерден тұратындығы кестеден көрініп тұр. Қаржылық инвестициялар мен ақшалар актив болып табылады және активті шоттарда бейнеленеді.

Олардың келуін (көбеюін) қараймыз

Бұл жағдайда олар дебет бойынша өтеді. Бұл жерде біз қаржылық инвестициялар мен ақша қаражаттарының келу (көбею) көздеріне назар аударуымыз керек.

а) Қаржылық инвестициялардың келуі. Бұл есептер № 401-403 «Қаржылық инвестициялар» активті шоттарында бейнеленеді. Активтер бағалы қағаздарды сатып алу немесе сатып алушымен материалдық емес активтер, негізгі құралдар мен материалдық ресурстарды ұсыну нәтижесінде пайда болатындықтан, шаруашылық операциялардың жазылуы №401-403 шоттардың дебетіне №441, 451, 101-103, 121-125, 201- 206, 208, 221, 222 шоттардың кредитінен жасалады.

Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
401-403	101-106, 121-125 201-206, 221, 222 441-451	Келісімдер, реестрден көшірмелер, қабылдау-өткізу актілері, жүкқұжаттар, шоттар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№101-106) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан қаржылық инвестициялар көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада материалдық ресурстардың көлемі кемиді).

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында 2005 жылы шілде айының 30 жұлдызындағы №16а реестрі мен сол жылы мен айдың 6 жұлдызындағы №1039 төлем тапсырмасына сәйкес 3600000 теңге сомада номиналдық құн бойынша акциялар сатып алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
401	-	441	= 3600000	1 типті операция
A (+)		A (-)		

2) кәсіпорында 2005 жылы қыркүйек айының 12 жұлдызындағы көлік құралын бағалау және №6 қабылдау-өткізу актісіне сәйкес 1700000 теңге сомаға номиналды құн бойынша акциялар сатып алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
401	-	124	= 1700000	1 типті операция
A (+)		A (-)		

3) кәсіпорында 2005 жылы қараша айының 16 жұлдызындағы құрылыс материалдарын бағалау және №19 қабылдау-өткізу актісіне сәйкес 2900000 теңге сомаға номиналды құн бойынша акциялар сатып алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
401	-	208	= 2900000	1 типті операция
A (+)		A (-)		

б) Қаржылық инвестицияларды қайта бағалаудан. Бұл есептер № 401-403 «Қаржылық инвестициялар» активті шоттарында бейнеленеді. Активтер бағалы қағаздарды қайта бағалау нәтижесінде пайда болатындықтан, шаруашылық операциялардың жазылуы №401-403 шоттардың дебетіне №542 шоттың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
401-403	-	542	Бағалы қағаздарды қайта бағалаудың есебі

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№542) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті -пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның активтері, екінші жағынан сол сомаға қайта бағалаудың көлемі көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында ҚР-ның Үкіметімен 2005 жылы қазан айының 10 жұлдызында енгізілген қайта бағалау нәтижесінде 2005 жылы қазан айының 30 жұлдызындағы №16а реестріне сәйкес есептер бойынша 320000 теңге сомаға сатып алынған қағаздардың қайта бағалауы жасалды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
401, 402	-	542	= 320000	3 типті операция
А (+)		П (+)		

в) Сатып алушылар және алынған аванстар есебінен. Бұл шаруашылық операциялар №301 «Алуға тиіс шоттар» активті және №661 «Тауар-материалдық қорларды жеткізіп беруге алынған аванстар» пассивті шоттарда бейнеленеді. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
441, 451	-	301, 661	Төлем тапсырмалары, кіріс кассалық ордерлер, салыстыру акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№301) орналасқан кезде 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан ақша қаражаттары

көбейеді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомада сатып алушылардың дебиторлық қарыздары кемиді).

Пассивті шот (№661) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады (бір жағынан ақша қаражаттары, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға алынған аванстар бойынша кредиторлық қарыздар көбейеді). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорынның есеп айырысу шотына 2005 жылы қыркүйек айының 21 жұлдызындағы №396 төлем тапсырмасына сәйкес сатып алушылардан 890000 теңге сомада ақша келіп түсті. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
441	-	301	=	890000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

2) кәсіпорында 2005 жылы наурыздың 24 жұлдызындағы №639 төлем тапсырмасы мен келісім шарттарына сәйкес 1400000 теңге сомада тауар-материалдық қорларды жеткізіп беру үшін аванстар алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
441	-	661	=	1400000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

г) Банктердің және банктерден тыс несиелерінен. Бұл есептер №601-602 «Несиелер» пассивті шоттарында бейнеленеді. Активтер несиелер нәтижесінде пайда болатындықтан, шаруашылық операцияның жазуы №441 шоттың дебетіне №601-602 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
441	-	601- 602	Банктердің келісім шарттары, есептер, төлем тапсырмалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шоттар орналасқан. Пассивті шот (№601,602) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады (бір жағынан ақша қаражаттары, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға несиелер бойынша кредиторлық қарыздардың көлемі көбейеді). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы мамырдың 16 жұлдызындағы №861 төлем тапсырмасы мен банктің келісім шартына сәйкес 3000000 теңге сомада банктен қысқа мерзімді несие алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
441	-	601	= 3000000	3 типті операция
А (+)		П (+)		

д) Қолма-қол ақшаға тауарлар мен бағалы қағаздарды өткізуден. Бұл есептер №701 «Дайын өнімді өткізуден түскен табыс», 723 «Инвестициялардың пайдаланылуынан түскен табыс» пассивті шоттарда бейнеленеді. Кірістер активтерді өткізу нәтижесінде пайда болатындықтан, шаруашылық операцияның жазуы №441 шоттың дебетіне №721, 723 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
451	-	701- 723	Кассалық чектер, бағалы қағаздардың реестрі

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шоттар орналасқан. Пассивті шот (№701,723) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады (бір жағынан ақша қаражаттары, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға өнім мен бағалы қағаздарды өткізудің көлемі көбейеді). Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорынның ұсақ саудасы кезінде кассаға 2005 жылы тамыз айының 1 жұлдызындағы тауар-ақша есебіне сәйкес 1280000 теңге сомада тауарлар өткізуден қолма-қол ақша түсті. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
451	-	701	=	1280000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

е) Қойылған талап айыптарды өндіру немесе активтерді қайтарымсыз түрде алу есебінен. Бұл есептер №727 «Негізгі емес қызметтен түскен басқа табыстар» пассивті шотында бейнеленеді. Активтер негізгі емес қызметтен түскен табыстардың нәтижесінде пайда болатындықтан, шаруашылық операцияның жазуы №441,451 шоттардың дебетіне №727 шоттың кредитінен жасалады.

Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Құжаттар
441, 451	-	727		Төрешілік сотының шешімі, қабылдау-өткізу акті

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Пассивті шот (№727) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады (бір жағынан ақша қаражаттары, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі емес қызметтен түскен табыстардың көлемі көбейеді). Ал бұл жағдай салық салу мөлшерінің көбеюін көрсетеді. Демек, жазу дұрыс жасалған.

Мысалдар келтіреміз: 1) еншілес ұйымның кассасына жаңалық енгізу мақсаттарына 2005 жылы ақпан айының 23 жұлдызындағы қабылдау-өткізу актісіне сәйкес бас кәсіпорыннан қайтарымсыз түрде 2700000 теңге сомада қолма-қол ақша келіп түсті. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
451	-	727	=	2700000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

2) Төрешілік сотының шешімімен кәсіпорынға 2005 жылы наурыз айының 16 жұлдызындағы №7 хаттамасына сәйкес 45000 теңге мөлшерде келісім шарттарын бұзғаны үшін қойылған талап айып өндіріліп кассаға қабылданды. Бұл жағдайда бухгалтерлік төмендегінше болады:

Кт	Сома	Ескерту
451 А (+)	- 727 П (+)	= 45000 3 типті операция

Енді ақша қаражаттары мен қаржылық инвестициялардың кему (шығыс етілу) жағдайларын қараймыз.

Бұл жағдайларда ақша қаражаттары мен қаржылық инвестициялар кредит бойынша өтеді. Бұл жерде біз олардың құны қайда шығыс етілетініне (бағыттталатынына) назар аударуымыз керек.

а) Материалдық емес активтер, негізгі құралдар мен тауар-материалдық қорларды қолма-қол ақшаға сатып алу. Бұл есептер №101-106 «Материалдық емес активтер», 122-125 «Негізгі құралдар», 201-206, 208, 222 «Тауар-материалдық қорлар» активті шоттарында бейнеленеді. Активы осы активті шоттарға шығыс етілетіндіктен, ақша қаражаттары кредиттік жағында орналасады және шаруашылық операцияның жазуы жоғарыда көрсетілген шоттардың дебетіне жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
101-106 122-125 201-206	451	Шот-фактуралар, жүкқұжаттар, ақша чектері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№101-106) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады (бір жағынан материалдық ресурстар көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада ақша қаражаттарының мөлшері кемиді).

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында қолма-қол ақшаға 2005 жылы ақпан айының 28 жұлдызындағы №16 жүкқұжатына сәйкес 360000 теңге сомаға бағдарламаларды қамтамасыз ету сатып алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
102	-	451	=	360000	1 типті операция
A (+)		A (-)			

2) кәсіпорында қолма-қол ақшаға 2005 жылы қаңтар айының 18 жұлдызындағы сауда үйінің №632 жүкқұжатына сәйкес 635000 теңге сомаға қызметке пайдалану үшін «Жигули» жеңіл автомобилі сатып алынды. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
124	-	451	=	635000	1 типті операция
A (+)		A (-)			

3) қалалық базарда қолма-қол ақшаға 2005 жылы маусым айының 16 жұлдызындағы базардың анықтамасы мен №438 жүкқұжатына сәйкес 50000 теңге сомаға тігін машиналарын жөндеу үшін материалдар сатып алынды. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
201	-	451	=	50000	1 типті операция
A (+)		A (-)			

б) Есепті сомалар беру. Бұл есептер №333 «Қызметкерлер және басқа адамдардың есепті қарыздары» активті шотында бейнеленеді. Активтер осы активті шотқа шығыс етілетіндігінен, ақша қаражаттары кредиттік жағында орналасады және шаруашылық операцияның жазуы жоғарыда көрсетілген шоттың дебетіне жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Құжаттар
333	-	451		Кәсіпорын басшының бұйрығы, шығыс кассалық ордерлер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№333) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның дебиторлық қарыздары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада оның ақша қаражаттарының мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: 1) кәсіпорын директорының Астанаға іс сапармен барып қайтуына 2005 жылы маусым айының 16 жұлдызындағы №1138 шығыс кассалық ордеріне сәйкес іс сапар шығыстарына 34000 теңге мөлшерде қолма-қол ақша берілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
333	-	451	=	34000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

в) Еңбек ақыны қолма-қол ақшамен төлеу. Бұл есептер №681 «Персоналмен еңбек ақы бойынша есеп айырысу» пассивті шотында бейнеленеді. Активтер еңбек ақыға шығыс етілетіндігінен, ақша қаражаттары кредиттік жағында орналасады және шаруашылық операцияның жазуы жоғарыда көрсетілген шоттың дебетіне жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
681	-	451	Есептеу-төлеу ведомосты

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№681) баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан еңбек ақы бойынша кредиторлық қарыздар жабылады, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға кәсіпорынның ақша қаражаттары шығыс етіледі. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында 2005 жылы тамыз айының 31 жұлдызындағы №8 төлем ведомосына сәйкес 480000 теңге сомада тамыз айындағы жұмысшылардың еңбек ақысы қолма-қол ақшамен берілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
681	-	451	=	480000	4 типті операция
П (-)		А (-)			

г) Берілген аванстар. Бұл есептер №351-353 «Берілген аванстар» активті шоттарында бейнеленеді. Активтер осы активті шоттарға шығыс етілетіндіктен, ақша қаражаттары кредиттік жағында орналасады және шаруашылық операцияның жазуы жоғарыда көрсетілген шоттардың дебетіне жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
351 - 352	-	441, 451	Келісім шарттары, төлем тапсырмалары, шығыс кассалық ордерлер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№351,352) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның берілген аванстар бойынша дебиторлық қарыздары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада оның ақша қаражаттарының мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: келісім шарттарына бойынша жеткізіп берушіге 2005 жылы шілде айының 26 жұлдызындағы №832 төлем тапсырмасына сәйкес 2400000 теңге сомада материалдар жеткізіп беру үшін аванс аударылды (берілді). Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
351	-	441	=	2400000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

(Бұл шаруашылық операция 3 тараудың «д» бабында келтірілген).

д) Жеткізіп берушілермен есеп айырысу. Бұл есептер №671 «Төлеуге тиісті шоттар» пассивті шотында бейнеленеді. Активтер жеткізіп берушілердің заттары немесе қызметтерін төлеуге шығыс етілетіндігінен, ақша қаражаттары кредиттік жағында орналасады және шаруашылық операцияның жазуы жоғарыда көрсетілген шоттың дебетіне жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
671	-	441	Төлем тапсырмалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№671) баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан жеткізіп берушілерге кредиторлық қарыздар жабылады, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға кәсіпорынның ақша қаражаттары шығыс етіледі.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: мердігерге үстіміздегі жылдың 3 тоқсанында орындалған жұмыстар үшін 2005 жылы қазан айының 5 жұлдызындағы №1342 төлем тапсырмасына сәйкес 2300000 теңге сомада ақша аударылды (төленді). Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
671	-	441	= 2300000	4 типті операция
П (-)		А (-)		

е) Салықтар мен бюджетке төленуге міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысу. Бұл шаруашылық операциялар №631, 632-639 «Салықтар, жинаулар мен басқа бюджетке міндетті төлемдер» пассивті шоттарда бейнеленеді. Активтер салықтар, жинаулар мен басқа бюджетке міндетті төлемдерді төлеуге шығыс етілетіндіктен, ақша қаражаттары кредиттік жағында орналасады және шаруашылық операцияның жазуы жоғарыда көрсетілген шоттардың дебетіне жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
631,633 - 639	- 441, 451	Төлем тапсырмалары, салық органдарының квитанциялары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана пассивті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№631) баланстың активі мен пассиві кемітін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан бюджетке кредиторлық қарыздар жабылады, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға кәсіпорынның ақша қаражаттары шығыс етіледі.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: салық инспекциясына кәсіпорынның есеп айырысу шотынан аудару жолымен 2005 жылы қыркүйек айының 30 жұлдызындағы №1039 төлем тапсырмасына сәйкес 65000 теңге сомада әлеуметтік салық төленді (аударылды). Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
635 П (-)	- 441 А (-)	= 65000	4 типті операция

ж) Шаруашылық шығыстарды төлеу. Бұл есептер №821 «Жалпы және әкімшілік шығыстар» активті шотында бейнеленеді. Шаруашылық шығыстарға: әкімшілік, банктік, пошта-телеграфтық, сот шығыстары, айыппұлдарды төлеу, демеушілік және қайырымдылық жәрдем ету және т.б.лар жатады. Активтер осы активті шотқа шығыс етілетіндіктен, ақша қаражаттары кредиттік жағында орналасады және шаруашылық операцияның жазуы жоғарыда көрсетілген шоттың дебетіне шығыс етіледі. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
821	- 441, 451	Төлем тапсырмалары, шығыс кассалық ордерлер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№821) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның жалпы және әкімшілік шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада оның ақша қаражаттарының мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы желтоқсан айының 10 жұлдызындағы пошта бөлімшесінің №336 квитанциясына сәйкес 32000 теңге сомаға арнайы газеттер мен журналдарға жазылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
821	-	451	=	32000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

Сонымен, біз 4 тараудың шоттары бойынша шаруашылық операцияларды құрудың варианттарын қарап талдау жүргіздік.

V Бөлім

МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

Бұл тарау пассивті екені және 8 (№50,51,52,53,54,55,56,57) бөлімшелерден тұратындығы кестеден көрініп тұр. Меншікті капитал пассив болып табылады, өйткені ол шаруашылық құралдар, ақша қаражаттары және т.б.лардың пайда болу көзін бейнелейді.

Меншікті капитал элементтерінің пайда болуын
(есептелуін) қараймыз

Бұл жағдайда олар кредит бойынша өтеді. Бұл жерде біз меншікті капитал қандай элементтерден ұйымдастырылатынын немесе ол қандай баптарға алып барылуына назар аударуымыз керек.

а) Жарғылық капиталды жариялаудан (тіркеуден). Бұл шаруашылық операциялар №5 «Меншікті капитал» тарауының пассивті шоттарында бейнеленеді. Жарғылық капитал құрылтайшылар мен қатысушылардың салымдары есебінен жарияланатындықтан, шаруашылық операция №501- 503 шоттардың кредитінен №511 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
511	- 501 - 503	Құрылтай құжаттары, жалпы жиналыстың хаттамалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан жарғылық капитал жарияланады (тіркеледі), екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның пайда болу көздері бойынша міндеттемелер келіп шығады.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: жаңадан ұйымдастырылған кәсіпорында 2005 жылы мамыр айының 17 жұлдызындағы ұжым жалпы жиналысының

№29 хаттамасына сәйкес құрылтайшылар мен қатысушылардың салымдары есебінен 10000000 теңге мөлшерде жарғылық капитал жарияланды (тіркелді). Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
511	-	503	= 10000000	2 типті операция
П (-)		П (+)		

б) Жарғылық капиталға салымдар есебінен. Бұл шаруашылық операциялар №101-106 «Материалдық емес активтер», 121-126 «Негізгі құралдар», 201-206, 208 «Тауар-материалдық қорлар», 221-223 «Тауарлар», 441, 451-452 «Ақшалар» активті шоттарда бейнеленеді. Салымдар жағдайында жоғарыда көрсетілген тауар-материалдық құндылықтар дебеттік жағында орналасқандықтан, шаруашылық операцияның жазуы №511 шоттың кредитінен жоғарыдағы шоттардың дебетіне жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
101-106 121-126 221-223 431-432, 441, 451-452	511	Құрылтай құжаттары, көшірмелер, жүкқұжаттар, қабылдау-өткізу актілері, кіріс кассалық ордерлер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын активтері мен ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның жарғылық капиталының мөлшері көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: жаңадан ұйымдастырылған кәсіпорында 2005 жылы қаңтар айының 26 жұлдызындағы ұжымның жалпы жиналысы №2 хаттамасының шарттарына сәкес жарғылық капиталға құрылтайшылармен төмендегілер енгізілді:

1) 800000 теңгеге бағдарламалармен қамтамасыз ету. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
102	-	511	=	800000	3 типті операция
A (+)		П (+)			

2) 1200000 теңгеге көлік құралдары. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
124	-	511	=	1200000	3 типті операция
A (+)		П (+)			

3) 2800000 теңгеге құрылыс материалдары. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
208	-	511	=	2800000	3 типті операция
A (+)		П (+)			

4) 1600000 теңге сомада қолма-қол ақша. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
451	-	511	=	1600000	3 типті операция
A (+)		П (+)			

в) Номиналды құн бойынша айналымнан акцияларды алып тастаудан. Бұл шаруашылық операциялар №501,502 «Акциялар» пассивті шоттарында бейнеленеді. Акцияларды айналымнан алып тастау номиналды құн бойынша болатындықтан, шаруашылық операциялардың жазуы №501,502 шоттардың дебетіне №521 шоттың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
501-502	-	511	Жиналыстардың хаттамалары, қайта тіркеу құжаттары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын құрылтайшылары мен қатысушылары салымдарының көлемі, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның жарғылық капиталы көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы тамыз айының 23 жұлдызындағы ұжым жалпы жиналысы №6 хаттамасының шарттарына сәйкес 3200000 теңге сомаға меншікті акциялар айналымнан алынып тасталды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
501	-	521	= 31200000	2 типті операция
П (-)		П (+)		

г) Кәсіпорынның акцияларын құрылтайшылар мен акционерлер тарапынан ақша немесе басқа мүлік арқылы алудан. Бұл шаруашылық операциялар №101-106 «Материалдық емес активтер», 121-126 «Негізгі құралдар», 201-206, 208 «Тауар-материалдық қорлар», 221-223 «Тауарлар», 441, 451-452 «Ақшалар» активті шоттарда бейнеленеді. Салым ретінде жоғарыда көрсетілген тауар-материалдық құндылықтар дебеттік жағында орналасқандықтан, шаруашылық операцияның жазуы жоғарыдағы шоттардың дебетіне №511 шоттың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
101-106		511	Құрылтай құжаттары, көшірмелер, жүкқұжаттар, қабылдау-өткізу актілер, кіріс кассалық ордерлер
121-126			
221-223			
431-432, 441, 451-452			

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын активтері мен ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның жарғылық капиталының мөлшері көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: жаңадан ұйымдастырылған кәсіпорында 2005жылы мамыр айының 24 жұлдызындағы ұжымның жалпы жиналысы №6 хаттамасының шарттарына сәйкес жарғылық капиталға құрылтайшылармен төмендегілер енгізілді:

1) 1800000 теңгеге бағдарламалармен қамтамасыз ету. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
102	-	511	=	1800000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

2) 2100000 теңгеге көлік құралдары. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
124	-	511	=	2100000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

3) 1900000 теңгеге құрылыс материалдары. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
208	-	511	=	1900000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

4) 3200000 теңге сомада қолма-қол ақша. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
451	-	511	=	3200000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

5) 2000000 теңге сомада тауарлар. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
222	-	511	= 2000000	3 типті операция
A (+)		П (+)		

д) Резервтік капиталға қаржы бөлуден. Бұл шаруашылық операциялар счете №561 «Есепті жылдың бөлінбеген табысы (жабылмаған залалы)» пассивті шотында бейнеленеді. Резервтік капитал бөлінбеген табыстың есебінен ұйымдастырылып және кредиттік жағында болатындықтан, шаруашылық операцияның жазуы №561 шоттың дебетіне №551,552 шоттардың кредитінен жасалынды. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
561	-	551, 552	Кәсіпорын жарғысы, есептер, қаржы бөлулер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның резервтік капиталы көбейеді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның бөлінбеген табысы кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.


Мысал келтіреміз: сақтандыру компаниясының жарғысына сәйкес жыл сайын ұйымның жылдық бөлінбеген табысының 40%-зы резервтік капиталға аударылуы қажет болған. 2005 жылы қаңтар айының 19 жұлдызындағы жалпы жиналысының №4 хаттамасына сәйкес 80600 теңге сомада резервтік капиталға қаржы бөлінді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
561	-	552	= 80600	2 типті операция
П (-)		П (+)		

Енді меншікті капитал элементерінің кему (шығыс етілу)
жағдайларын қараймыз

Бұл жағдайларда меншікті капиталдың қаралатын элементтері дебет бойынша өтеді. Бұл жерде біз меншікті капитал қай элементтер есебінен кемитініне назар аударуымыз керек.

а) Жарғылық капиталдан қатысушылар салымдарының алынып тасталуынан. Бұл операциялар №503 «Салымдар мен пайлар» пассивті шотының дебетіне №101-106, 121-126, 201-206, 208, 221-223, 431-432, 441, 451-452 шоттардың кредитінен жүргізіледі. Салымдардың алынып тасталуы материалдық ресурстар, негізгі құралдар мен ақша қаражаттары есебінен жасалатындықтан, жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
503	<div style="display: flex; align-items: center;"> <div style="margin-right: 10px;">  </div> <div style="margin-right: 20px;"> 101-106 121-126 201-206, 208, 221-223 431-432, 441, 451-452 </div> </div>	Келісімдер, хаттамалар, реестрлерден көшірмелер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның жарғылық капиталына қатысушылар салымының көлемі, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның ресурстары кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы наурыз айының 15 жұлдызындағы жалпы жиналыстың №3 хаттамасына сәйкес жалпы сомасы 10100000 теңгеге жарғылық капиталдан қатысушылардың салымдары алынып тасталды, оның ішінде:

1) қолма-қол ақшамен 2800000 теңге сомада. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
503 П (-)	- 451 А (-)	= 2800000	4 типті операция

Басқа мүлікпен:

2) негізгі құралдармен 4200000 теңге сомада. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
503	-	123	=	4200000	4 типті операция
П (-)		А (-)			

3) әр түрлі материалдармен 2500000 теңге сомада. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
503	-	201	=	2500000	4 типті операция
П (-)		А (-)			

4) әр түрлі тауарлармен 1600000 теңге сомада. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
503	-	222	=	1600000	4 типті операция
П (-)		А (-)			

б) Акционерлермен меншікті акцияларды өтеп алудан. Бұл операциялар №521 «Алынып тасталған капитал» пассивті шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Акцияларды өтеп алу кәсіпорынның қаржылары есебінен болатындықтан, шаруашылық операцияның жазуы №521 шоттың дебетіне №431-432, 441, 451-452 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Құжаттар
521	-	431-432, 451-452		Жалпы жиналыстардың хаттамалары, келісімдер, реестрлерден көшірмелер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның алынып тасталған капиталының көлемі, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның ресурстары кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында акционерлердің қалауы бойынша 2005 жылы қаңтар айының 12 жұлдызындағы жалпы жиналыстың №1 хаттамасына сәйкес 3600000 теңге сомаға меншікті акциялар қолма-қол ақша арқылы өтеп алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
521	-	451	= 3600000	4 типті операция
П (-)		А (-)		

в) Дивидендтер мен басқа сыйақыларды төлеуге пайдаланудан. Бұл операциялар №551,552 «Резервтік капитал» пассивті шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Дивидендтер немесе басқа сыйақылар төленетіндіктен, шаруашылық операцияның жазуы №551,552 шоттардың дебетіне №621,622,623,687 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
551, 552	-	621- 623, 687	Жалпы жиналыстың хаттамалары, төлем есептері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның резервтік капиталы кемиді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның дивидендтер мен басқа сыйақыларды төлеу бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында өткен жыл жұмысының нәтижелері бойынша 2005 жылы қаңтар айының 12 жұлдызындағы жалпы жиналыстың №1 хаттамасына сәйкес 850000 теңге сомада артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
552	-	622	= 850000	2 типті операция
П (-)		П (+)		

г) Есепті жыл немесе бұрынғы жылдардың залалдарын жабу үшін пайдаланудан. Бұл операциялар №551,552 «Резервтік капитал» пассивті шоттарының дебеті бойынша бейнеленеді. Есепті жыл немесе бұрынғы жылдардың залалдарын жабуы жүргізілетіндіктен, шаруашылық операцияның жазуы №551,552 шоттардың дебетіне №561,562 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Документы
551, 552	-	561, 562	Жалпы жиналыстың хаттамалары, төлем есептері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның резервтік капиталы кемиді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның бөлінбеген табысы көбейеді (залалы жабылады).

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында былтырғы жылы жұмыстың нәтижелері бойынша 2005 жылы сәуір айының 10 жұлдызындағы жалпы жиналысының №6 хаттамасына сәйкес 350000 теңге сомада есепті жылдың залалы резервтік капиталдың есебінен жабылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
552	-	561	= 350000	2 типті операция
П (-)		П (+)		

Сонымен, біз 5 тараудың шоттары бойынша шаруашылық операциялар құрудың мүмкін болған варианттарын қарап талдадық.

Ескерту: №56 «Бөлінбеген табыс (жабылмаған залал)» және 57«Жиынтық табыс (залал)» бөлімшелерінің шоттарын толықрақ қарау және талдау үшін бұл оқу құралында жеке тарау бөлінген.

VI Бөлім

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұл тарау пассивті және 9 (№60,61,62,63,64,65,66,67,68) бөлімшелерден тұратындығы кестеден көрініп тұр. Міндеттемелер пассив болып табылады, өйткені олар шаруашылық құралдар, ақша қаражаттары, салықтар мен ұсталымдардың есептелуі және басқа кредиторлық қарыздардың келіп шығу көздерін бейнелейді.

Олардың келіп шығуын (есептелуін) қараймыз.

Бұл жағдайда олар кредит бойынша өтеді. Бұл жерде біз кредиторлық қарыздар қандай элементтерден пайда болуына назар аударуымыз керек.

а) Заемдер (несиелер) алудан. Бұл операциялар №601-603 «Несиелер» пассивті шоттарының кредиті бойынша бейнеленеді. Активтер несиелер берушілерден келгендіктен шаруашылық операцияның жазуы №441,451 шоттардың дебетіне №601-603 шоттардың кредитінен жасалады. Проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
441, 451	—— 601 - 603	Келісімдер, несиелерді есептеу бойынша есептер, төлем тапсырмалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның несиелер берушіге кредиторлық қарыздары көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын банктен 2005 жылы тамыз айының 28 жұлдызындағы №1326 төлем тапсырмасы мен банктің келісім шарттарына сәйкес 3000000 теңге сомада қысқа мерзімді несиелер алды. Бұл жағдайда бухгалтерлік төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
441	-	601	=	3000000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

б) Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдерді есептеуден. Бұл операциялар №631–639 «Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер» шоттарының кредиті бойынша бейнеленеді. Салықтардың есептелуі өзіндік құн, жалпы және әкімшілік шығыстары немесе калькуляциялық шоттарға апарылатыны, сондай-ақ персоналдың еңбек ақысынан ұсталатындықтан, шаруашылық операция №631–639 шоттардың кредитінен төмендегі шоттардың дебетіне жасалады:

Дт	Кт	Құжаттар
301, 681, 801 821, 851, 903	631 - 639	Салықтарды есептеу бойынша есептер, МСИ-ның декларациялары, шот-фактуралар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шот (№301) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның дебиторлық қарыздары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға салықтар бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Пассивті шот (№681) орналасқан кезде баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан еңбек ақы бойынша кредиторлық қарыздар кемиді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға салықтар бойынша кредиторлық қарыздар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында 2005 жылдың 1 тоқсанында 2005 жылы наурыз айының 31 жұлдызындағы өткізу актіне сәйкес өткізілген өнім мен тауарларға 360000 теңге сомада ҚҚС-ы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
301	-	633	=	360000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

2) кәсіпорында 2005 жылдың 1 тоқсанында 2005 жылы наурыз айының 31 жұлдызындағы есептер мен МСИ-ның декларацияларына сәйкес 28000 теңге сомада жер салығы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
821	-	636	=	28000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

3) кәсіпорында 2005 жылдың 1 тоқсанындағы есептер мен МСИ-ның декларацияларына сәйкес өндірістік жұмысшылардың еңбек ақысынан 189000 теңге сомада әлеуметтік салық есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
903	-	635	=	189000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

4) кәсіпорында 2005 жылдың 1 тоқсанындағы есептер мен МСИ-ның декларацияларына сәйкес жеке тұлғалардан табыс салығы 16400 теңге сомада есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
681	-	639	=	16400	2 типті операция
А (-)		П (+)			

в) Еншілес (бағынышты) ұйымдарға кредиторлық қарыздардан. Бұл операциялар №641-643 «Еншілес (бағынышты) ұйымдарға кредиторлық қарыздар» пассивті шоттарының кредиті бойынша

бейнеленеді. Қарыздардың есептелуі еншілес (бағынышты) ұйымдардың есебінен болатындықтан шаруашылық операция №641-643 шоттардың кредитінен төмендегі шоттардың дебетіне жасалады:

Дт	Кт	Құжаттар
121 – 126	641- 643	Келісімдер, шот-фактуралар, төлем тапсырмалары, жүкқұжаттар
201 - 206, 208		
441 – 451		
601 – 603		
671		

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шоттар (№121-126) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның шаруашылық құралдары мен ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға еншілес ұйымдарға кредиторлық қарыздары көбейеді.

Пассивті шот (№671) орналасқан кезде баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан жеткізіп берушіге кредиторлық қарыздар кемиді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға еншілес ұйымдарға кредиторлық қарыздар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында еншілес ұйымдарға қарыздар есебінен 2005 жылы шілде айының 30 жұлдызындағы № 124 шот-фактура мен жүкқұжаттарына сәйкес 2700000 тенге сомада материалдар сатып алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
201	641	= 2700000	3 типті операция
А (+)	П (+)		

2) кәсіпорында бағынышты ұйымдарға қарыздар есебінен 2005 жылы мамыр айының 31 жұлдызындағы №2 келісімі мен 6 маусымдағы № 1339 төлем тапсырмасына сәйкес 2000000 теңге сомада банктің қарыздары жабылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
601 П (-)	- 642 П (+)	= 2000000	2 типті операция

3) кәсіпорында бірлесіп-бақыланатын ұйымдарға қарыздар есебінен 2005 жылы ақпан айының 28 жұлдызындағы №699 төлем тапсырмасына сәйкес 1800000 теңге сомада жеткізіп берушілердің шоттары төленді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
671 П (-)	- 643 П (+)	= 1800000	2 типті операция

г) Аванстар алудан. Олар бойынша есептер №661-663 «Алынған аванстар» пассивті шоттарында бейнеленеді. Активтер кредиторлардан алынатындықтан шаруашылық операция №661-663 шоттардың кредитінен №441,451 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
441, 451	—— 661 - 663	Келісімдер, төлем тапсырмалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға алынған аванстар бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын тауар-материалдық қорларды жеткізіп беру үшін 2005 жылы наурыз айының 21 жұлдызындағы № 633 төлем тапсырмасы мен келісіміне сәйкес 2000000 теңге сомада аванс алды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сума	Ескерту
441	-	661	= 2000000	3 типті операция
А (+)		П (+)		

д) Жеткізіп берушілерге болған кредиторлық қарыздардан. Бұл операциялар №671 «Төленуге тиісті шоттар» пассивті шотының кредиті бойынша бейнеленеді. Активтер жеткізіп берушілерден келетіндіктен, шаруашылық операция №671 шоттың кредитінен №201-206,208,222,331,821,901 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
201- 206 208, 222 331 821, 901	671	Келісімдер, шот-фактуралар, жүкқұжаттар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның материалдық ресурстары мен шығыстар, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға жеткізіп берушілер бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорын жеткізіп берушіден 2005 жылы қыркүйек айының 26 жұлдызындағы жүкқұжат пен 845 шот-фактураға сәйкес 1000000 теңге сомаға құрылыс материалдарын алды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
208	-	671	=	1000000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

2) құрылыс материалдар келіп түсуінің нәтижесінде сол шот-фактураға сәйкес 150000 теңге мөлшерде өтелуге тиіс ҚҚС-ның сомасы пайда болды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
331	-	671	=	150000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

3) су шаруашылығы мекемесінен мақтаны суару үшін пайдаланған суға 2005 жылы шілде айының 30 жұлдызындағы №168 шот-фактурасына сәйкес 160000 теңге сомада шот алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
901	-	671	=	160000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

е) Басқа кредиторлық қарыздарды есептеуден. Бұл операциялар №68 «Басқа кредиторлық қарыздар мен есептеулер» бөлімшесі шоттарының кредиті бойынша бейнеленеді. Кредиторлық қарыздардың есептелуі өзіндік құнға, жалпы және әкімшілік шығыстар немесе калькуляциялық шоттарға апарылатындығы, сондай-ақ персоналдың еңбек ақысынан ұсталатындықтан, шаруашылық операция №681,684,686,687 шоттардың кредитінен төмендегі шоттардың дебетіне жасалады:

Дт	Кт	Құжаттар
681, 801, 821 831, 902, 903,	681, 684, 686, 687	Еңбек ақыны, сыйақыларды есептеу және МСИ-ның декларациялары бойынша есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шоттар (№801,821,831,902,903) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның шығыстары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның кредиторлық қарыздары көбейеді.

Пассивті шот (№681) орналасқан кезде баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның еңбек ақы бойынша кредиторлық қарыздардың көлемі кемиді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) шойын кую цехының жұмысшылары мен линиядағы персоналға қыркүйек айында 2005 жылы сол айдағы жүктелімдерге сәйкес 2800000 теңге сомада еңбек ақы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
902	-	681	=	2800000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

2) кәсіпорында сырт ұйымдарының қаржы қаражаттарын пайдаланғаны үшін 2005 жылы қыркүйек айының 13 жұлдызындағы №3 келісіміне сәйкес 38000 теңге сомада сыйақылар есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
831	-	684	=	38000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

3) кешенді бригада дәнекерлеушісі А. Сарсенбаевтың 2005 жылы қыркүйек айындағы еңбек ақысынан ережеге сәйкес 4500 теңге сомада Халық банкісінің жинақтаушы зейнетақы қорына 10%-к мөлшерде ұсталым жасалды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
681	-	686	=	4500	2 типті операция
П (-)		П (+)			

4) цех бастығы Р.Абдуллаевтың 2005 жылы қыркүйек айындағы еңбек ақысынан 2005 жылы қыркүйек айындағы №2 төлем ведомосына сәйкес заттай берілген тауарлар үшін 18000 теңге сомада ұсталым жасалды. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
681	-	687	=	18000	2 типті операция
П (-)		П (+)			

Енді міндеттемелердің кему (орындалу) жағдайларын қараймыз. Бұл жағдайларда олар дебет бойынша өтеді. Бұл жерде біз кәсіпорын тауар-материалдық қорларының құны қандай элементтерден пайда болады немесе есептелетін міндеттемелер қандай көздерден ұсталатынына назар аударуымыз керек.

а) Несиелерді жабу. Бұл операциялар №601-603 «Несиелер» шоттарының дебеті бойынша бейнеленеді. Несиелердің жабылуы (төленуі) болатындықтан, шаруашылық операция №441,451 шоттардың кредитінен №601-603 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
601 - 603	—	441, 451	Келісімдер, несиелерді есептеу бойынша есептер, төлем тапсырмалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада несие берушілерге кредиторлық қарыздары кемиді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын 2005 жылы наурыз айының 29 жұлдызындағы №857 төлем тапсырмасы мен банктің келісім-шартына сәйкес 500000 теңге сомада банктің қысқа мерзімді несиесін жапты (төледі). Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
601	-	441	=	500000	4 типті операция
П (-)		А (-)			

б) Салықтар мен басқа бюджетке міндетті төлемдерді төлеу . Бұл операциялар №631–639 «Салықтар мен басқа бюджетке міндетті төлемдер» шоттарының дебеті бойынша бейнеленеді. Салықтар мен басқа бюджетке міндетті төлемдер жабылатындықтан (төленетіндіктен), шаруашылық операция №441–451 шоттардың кредитінен жоғарыдағы шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
631, 633 - 639	—	441 - 451	МСИ-ның декларациялары, шот-фактуралар, төлем тапсырмалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада салықтар бойынша кредиторлық қарыздары кемиді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорында 2005 жылдың 1 тоқсанында сол жылы наурыз айының 31 жұлдызындағы декларациясы мен шот-фактураларға сәйкес өткізілген өнім мен тауарлар үшін 280000 теңге сомада ҚҚС-ы төленді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
663	-	441	=	280000	4 типті операция
П (-)		А (-)			

2) 2005 жылдың 1 тоқсанында сол жылы наурыз айының 31 жұлдызындағы декларациясы мен есептерге сәйкес жеке тұлғалардан ұсталған табыс салығы 18500 теңге сомада төленді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
639	- 451	= 18500	4 типті операция
П (-)	А (-)		

в) Еншілес (бағынышты) ұйымдарға кредиторлық қарыздарды жабу (төлеу). Бұл операциялар №641–643 «Еншілес (бағынышты) ұйымдарға кредиторлық қарыздар» шоттарының дебеті бойынша бейнеленеді. Еншілес (бағынышты) ұйымдарға кредиторлық қарыздар жабылатындықтан, шаруашылық операция №441–451 шоттардың кредитінен дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
641 - 643	441 - 451	МСИ-ның декларацияларын есептеу бойынша есептер, счет-фактуралар, төлем тапсырмалары, квитанциялар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада еншілес ұйымдар бойынша кредиторлық қарыздары кемиді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын 2005 жылы маусым айының 30 жұлдызындағы №174 төлем тапсырмасына сәйкес 2200000 теңге сомада еншілес ұйымдарға қарызын жапты (төледі). Бұл жағдайда бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
641	- 441	= 2200000	4 типті операция
П (-)	А (-)		

г) Алынған аванстарды жабу. Олар бойынша есептер №661-663 «Алынған аванстар» пассивті шоттарының дебеті бойынша бейнеленеді. Бұрын алынған аванстардың жабылуы (төленуі) болғандықтан, шаруашылық операция №441, 451 шоттардың кредитінен №661-663 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
661 - 663	441, 451	Келісімдер, салыстыру актілері, төлем тапсырмалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві кемітін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада алынған аванстар бойынша кредиторлық қарыздары кемиді. Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын 2005 жылы ақпан айының 29 жұлдызындағы № 439 төлем тапсырмасы мен келісім шартына сәйкес 1700000 теңге сомада тауар-материалдық қорларды жеткізіп беру үшін бұрын алынған авансты жапты (төледі). Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
661 - П (-)	441 А (-)	= 1700000	4 типті операция

д) Жеткізіп берушілерге кредиторлық қарыздарды жабу (төлеу). Бұл операциялар №671 «Төленуге тиісті шоттар» пассивті шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Жеткізіп берушілерге кредиторлық қарыздарды жабу (төлеу) болғандықтан, шаруашылық операция счета №671 шоттың дебетіне №301-303,351-352,441,451,601-603 шоттардың кредитінен жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
671	301- 303 351- 352 441, 451 601- 603	Келісімдер, шот-фактуралар, жүкқұжаттар, төлем тапсырмалары, квитанциялар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шоттар (№301,351,441) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның материалдық ресурстары мен ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның жеткізіп берушіге кредиторлық қарыздары кемиді.

Пассивті шот (№601) орналасқан кезде баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның жеткізіп берушіге кредиторлық қарыздардың көлемі кемиді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның несиелер бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) кәсіпорын 2005 жылы тамыз айының 16 жұлдызындағы № 951 төлем тапсырмасына сәйкес 2600000 теңге сомаға құрылыс материалдары үшін үшін жеткізіп берушінің шоттарын төледі. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту	
671	-	441	= 2600000	4 типті операция
П (-)	-	А (-)		

2) кәсіпорын алынған құрылыс материалдары үшін 2005 жылы мамыр айының 17 жұлдызындағы №2 салыстыру актісі мен шот-фактураға сәйкес 1500000 теңге сомаға айырбастау (бартер) жасады. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
671	- 301	= 1500000	4 типті операция
П (-)	А (-)		

3) кәсіпорын бұрын алынған аванстар есебінен 2005 жылы шілде айының 23 жұлдызындағы №11 салыстыру актісіне сәйкес 170000 теңге сомада мақтаны суаруға пайдаланған су үшін есеп айырысты. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
671	- 351	= 170000	4 типті операция
П (-)	А (-)		

4) кәсіпорын банкіден алынған несиелер есебінен 2005 жылы қазан айының 23 жұлдызындағы банктің келісімі мен №18 төлем тапсырмасына сәйкес 3700000 теңге сомада жеткізіп берушіден алынған табак металл үшін есеп айырысты. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
671	- 601	= 3700000	2 типті операция
П (-)	П (+)		

е) Басқа кредиторлық қарыздарды жабу (төлеу). Бұл операциялар 68 «Басқа кредиторлық қарыздар мен есептеулер» бөлімшесі шоттарының дебеті бойынша бейнеленеді. Басқа кредиторлық қарыздар жабылатындықтан, шаруашылық операция №333, 441, 451, 639 шоттардың кредитінен төмендегі шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
681, 684, 686, 687	333, 441, 451, 639	Еңбек ақы, сыйақылар мен МСИ-ның декларацияларын есептеу бойынша есептер, төлем құжаттары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында активті және пассивті шоттар орналасқан. Активті шоттар (№441,451) орналасқан кезде баланстың активі мен пассиві кемитін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның дебиторлық қарыздары мен ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның кредиторлық қарыздары кемиді.

Пассивті шот (№639) орналасқан кезде баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын кредиторлық қарыздарының көлемі кемиді, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға оның салықтар бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) қыркүйек айында шойын қую цехының жұмысшылары мен қызметтегі персоналға 2005 жылы қыркүйек айындағы есептеу-төлеу ведомосына сәйкес 1900000 теңге сомада еңбек ақы берілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
681	451	= 1900000	4 типті операция
П (-)	А (-)		

2) шойын қую цехы персоналының еңбек ақысынан тамыз айында жеке тұлғалардан ұсталған табыс салығы 2005 жылы қыркүйек айының 23 жұлдызындағы №113 төлем тапсырмасы мен есептеріне сәйкес 38000 теңге сомада аударылды (төленді). Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
639	441	= 38000	4 типті операция
П (-)	А (-)		

3) 2005 жылы қыркүйек айындағы кешенді бригаданың дәнекерлеушісі А.Сәрсенбаевтың еңбек ақысынан сол жылы қазан айының 5 жұлдызындағы №125 төлем тапсырмасына сәйкес 4500 теңге сомада жинақтаушы зейнетақы қорына 10%-дық мөлшерінде төлемдер аударылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
686	-	441	=	4500	4 типті операция
П (-)		А (-)			

4) 2005 жылы қыркүйек айында цех бастығы Р.Абдуллаевтың еңбек ақысынан сол жылы қыркүйек айының есептеріне сәйкес 2800 теңге сомада жеке тұлғалардан табыс салығы ұсталды. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
681	-	639	=	2800	2 типті операция
П (-)		П (+)			

5) 2005 жылы қыркүйек айында цех бастығы Р.Абдуллаевтың бекітілген есепті сомалары сол жылы қыркүйек айындағы аванстық есепке сәйкес 24750 теңге сомада негізгі өндіріске шығыс етілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
687	-	333	=	24750	4 типті операция
П (-)		А (-)			

Сонымен біз 6 бөлімнің шоттары бойынша шаруашылық операцияларды құрудың варианттарын қарап талдадық.

VII Бөлім

ТАБЫСТАР

Бұл бөлім пассивті және 3 (№70,71,72) бөлімшеден тұратындығы кестеден көрініп тұр. Бірақ олардың 1 (№71) бөлімшесі контрпассивті, оны біз кейінірек «Контрарлы шоттар» бөлімінде қараймыз. Негізгі және негізгі емес қызметтен түскен табыстар пассив болып табылады және олар пассивті шоттарда бейнеленеді.

Олардың келіп шығуын (көбеюін) қараймыз

Бұл жағдайда олар кредит бойынша өтеді. Бұл жерде біз табыстар қандай элементтерден пайда болатындығына назар аударуымыз керек.

а) Дайын өнім (тауарлар, жұмыстар, қызметтер) өткізуден. Бұл операциялар №701 «Дайын өнімді, (тауарлар, атқарылған жұмыстар, өтелген қызметтер) өткізуден түскен табыс» шотының кредиті бойынша бейнеленеді. Табыстар дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушылар, еншілес (бағынышты) ұйымдар мен бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаларға өткізуден пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №701 шоттың кредитінен №301,303,321-323 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
301-303, 321-323	- 701	Келісімдер, шот-фактуралар, жүкқұжаттар, Ф№2 үлгідегі анықтамалар, өткізу актілері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№301,321) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның дебиторлық қарыздары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі қызметтен түскен табыстар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында тапсырыс берушіге 2005 жылы наурыз айының 31 жұлдызындағы №879 шот-фактураға сәйкес 4000000 теңге сомаға дайын өнім өткізілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
301 А (+)	- 701 П (+)	= 4000000	3 типті операция

б) Тауарларды қолма-қол ақшаға өткізуден. Бұл операциялар да №701 «Дайын өнімді, (тауарлар, атқарылған жұмыстар, өтелген қызметтер) өткізуден түскен табыс» шотының кредиті бойынша бейнеленеді. Табыстар тауарларды қолма-қол ақшаға өткізуден пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №701 шоттың кредитінен №451 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
451	- 701	Шот-фактуралар, жүкқұжаттар, квитанциялар, чектер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№451) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі қызметтен түскен табыстар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы наурыз айының 31 жұлдызындағы тауар-ақша есебіне сәйкес 2500000 теңгеге дайын өнім қолма-қол ақшаға өткізілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
451 А (+)	- 701 П (+)	= 2500000	3 типті операция

в) Материалдық емес активтер мен негізгі құралдарды өткізуден. Бұл операциялар №721-727 «Негізгі емес қызметтен түскен табыстар» шоттарының кредиті бойынша бейнеленеді. Табыстар негізгі емес қызметтен түсетіндіктен, шаруашылық операциялар №721, 722 шоттардың кредитінен №301-303,321-323 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
301-303, 321-323	- 721,722	шот-фактуралар, жүкқұжаттар, өткізу актілері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№301,321) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның дебиторлық қарыздары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі емес қызметтен түскен табыстар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы сәуір айының 10 жұлдызындағы №625 шот-фактураға сәйкес 2600000 теңге сомаға бағдарламаларды қамтамасыз ету өткізілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
301 А (+)	- 721 П (+)	= 2600000	3 типті операция

г) Негізгі құралдарды жою нәтижесінде материалдар кіріс етуден. Бұл операциялар №722 «Негізгі емес қызметтен түскен табыстар» шотының кредиті бойынша бейнеленеді. Табыстар негізгі құралдарды жоюдан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №722 шоттың кредитінен №206, 208 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
206, 208	- 722	негізгі құралдарды жою туралы актілер, жүкқұжаттар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№206,208) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның материалдық ресурстары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі емес қызметтен түскен табыстар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында сиыр қораның ескі ғимаратын жою нәтижесінде 2005 жылы тамыз айының 1 жұлдызындағы негізгі құралды жою туралы №1 акті мен жүкқұжаттарға сәйкес 850000 теңге сомаға құрылыс материалдары қоймаға кіріс етілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
208	-	722	=	850000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

д) Бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар есептеуден. Бұл операциялар №724 «Акциялар бойынша дивидендтер және қаржыларды пайдаланғаны үшін есептелген сыйақы сипатында түскен табыс» шотының кредиті бойынша бейнеленеді. Табыстар дивидендтер мен сыйақыларды есептеуден пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №724 шоттың кредитінен №332 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
332	-	724	Жалпы жиналыстың хаттамалары, дивидендтер мен сыйақылар есептеу бойынша есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№332) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның дебиторлық қарыздары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі емес қызметтен түскен табыстар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: акционерлік қоғамда өткен жылдың нәтижесінде салынған акциялар бойынша 2005 жылы ақпан айының 19 жұлдызындағы №1 келісім мен дивидендтер есептеу бойынша есептерге сәйкес 240000 теңге сомада дивидендтер есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
332 А (+)	- 724 П (+)	= 240000	3 типті операция

е) Өкіметтің атқарушы органдарының субсидияларын алу. Бұл операциялар №726 «Өкіметтің атқарушы органдарының субсидиялары» шотының кредиті бойынша бейнеленеді. Табыстар субсидиялар алудан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №726 шоттың кредитінен №441, 451 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
441, 451	- 726	Өкіметтің атқарушы органдарының шешімдері, төлем құжаттары


Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№441,451) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның ақша қаражаттары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі емес қызметтен түскен табыстар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорынға ауылды қолдау бойынша бағдарламаны орындау шегінде Республика Үкіметінің қауылысына сәйкес облыстық әкімшілік тарапынан 3500000 теңге сомада бюджеттік қаржылар бөлінді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
441 А (+)	- 726 П (+)	= 3500000	3 типті операция

ж) Айыппұлдар мен айыптар өндіруден. Бұл операциялар №727 «Негізгі емес қызметтен түскен басқа табыстар» шотының кредиті бойынша бейнеленеді. Табыстар айыппұлдар мен айыптарды (МСИ-нан басқа) есептеуден пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №727 шотының кредитінен №301-303, 321-323, 333, 334 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
301- 303 321- 323 333, 334	 727	Келісімдер, айыппұлдар мен айыптарды есептеу бойынша есептер, соттың материалдары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№301,333) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның дебиторлық қарыздары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі емес қызметтен түскен табыстар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында жеткізіп берушіге өз уақытында материалдарды жеткізіп бермегені үшін 2005 жылы қаңтар айының 9 жұлдызындағы №13 келісім шарттары мен айыппұлдарды есептеу бойынша 42000 теңге мөлшерінде айып есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
334 А (+)	- 727 П (+)	= 42000	3 типті операция

Енді табыстардың кему (жабылу) жағдайларын қараймыз

Бұл жағдайларда табыстар дебет бойынша өтеді. Бұл жерде біз табыстарды жазудың ерекшеліктеріне назар аударуымыз керек.

а) Жиынтық табысқа (залалға) табыстарды жабу. Бұл операциялар №701,721-727 «Негізгі және негізгі емес қызметтерден түскен

табыстар» шоттарының дебеті бойынша бейнеленеді. Табыстар жыл соңында шығыс етілетіндіктен, шаруашылық операциялар №701, 721-727 шоттардың дебетіне тек қана №571 «Жиынтық табыс (залал)» шотының кредитінен жасалады. Бұл операциялардың ерекшелігі, олардың жылдың соңында тек қана 1 рет жасалатындығынан тұрады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
701, 721-727	-	571	Нұсқаулардың ережелері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№571) баланстың пассивінде тек қана өзгерістер болатын 2 типті «Пассивті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның табыстары жабылады, ал екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға жиынтық табыстың есебі көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында жыл соңында бухгалтерлік есеп шоттары Типтік жоспарының ережелеріне сәйкес жиынтық табысты анықтау үшін өнім өткізу бойынша табыстар №571 шотына жабылады. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
701	-	571	= 4800000	2 типті операция
П (-)		П (+)		

Сонымен біз 7 бөлімнің шоттары бойынша шаруашылық операцияларды құру варианттарын қарап талдадық.

VIII Бөлім

ШЫҒЫСТАР

Бұл бөлім активті және 8 (№80,81,82,83,84,85,86,87) бөлімшелерден тұратындығы кестеден көрініп тұр. Бірақ олардың ішінен 2 бөлімшенің (№86,87) кейбір шоттары контрактивті болады, оларды біз кейірек «Контрарлы шоттар» бөлімінде қараймыз. Шығыстардың барлық түрлері актив болып табылады және активті шоттарда бейнеленеді.

Олардың келіп шығуын (көбеюін) қараймыз

Бұл жағдайда олар дебет бойынша өтеді. Бұл жерде біз шығыстар қандай элементтерден пайда болатындығына назар аударуымыз керек.

а) Дайын өнім, тауарлар өткізудің өзіндік құнын анықтау. Бұл операциялар №801 «Өткізілген дайын өнімнің (тауарлар, атқарылған жұмыстар, өтелген қызметтер) өзіндік құны» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жұмсалған шығындардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №221,222 шоттардың кредитінен №801 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
801	- 221, 222	Жұмсалған шығындардың жиынтығы, №10 журнал-ордер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№221) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның өнім өндіру шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада оның материалдық ресурстарының мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 1 жарты жылдықта өткізілген өнімнің өзіндік құны 2005 жылы маусым айындағы №10 журнал-ордердің мәліметтері бойынша 8350000 теңгені құрады. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
801	-	221	=	8350000	1 типті операция
A (+)		A (-)			

б) Жұмыстар, қызметтер өткізудің өзіндік құнын анықтау. Бұл операциялар да №801 «Өткізілген дайын өнімнің (тауарлар, атқарылған жұмыстар, өтелген қызметтер) өзіндік құны» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жұмсалған шығындардың жиынтығынан келіп шығатындықтан, шаруашылық операциялар №900 шоттың кредитінен №801 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
801	-	900	Жұмсалған шығындардың жиынтығы, №10 журнал-ордер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№900) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның өнім өндіру шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада оның негізгі өндірісінің мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 9 ай ішінде өткізілген жұмыстардың өзіндік құны 2005 жылы қыркүйек айындағы №10 журнал-ордерінің мәліметтеріне сәйкес 12350000 теңгені құрады. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
801	-	900	=	12350000	1 типті операция
A (+)		A (-)			

в) Сақтандыру ісіндегі шығындардың өзіндік құнын анықтау. Бұл операциялар да №801 «Өткізілген дайын өнімнің (тауарлар, атқарылған жұмыстар, өтелген қызметтер) өзіндік құны» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жұмсалған шығындардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №441,451 шоттардың кредитінен №801 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
801	- 441, 451	Сақтандыру келісім шарттары, төлем құжаттары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№441,451) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның қызмет ету шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада оның ақша қаражаттарының мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: «Сенім» сақтандыру компаниясында 2005 жылы тамыз айының 20 жұлдызындағы №1 реестрі мен келісім шарттарына сәйкес 4500000 теңгеге сақтандыру төлемдері жасалды. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
801	- 441	= 4500000	1 типті операция
А (+)	А (-)		

г) Дайын өнім, тауарларды өткізу бойынша шығыстарға материалдар шығыс ету. Бұл операциялар №811 «Дайын өнім, тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өткізу бойынша шығыстар» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар өткізу бойынша жұмсалған шығындардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №201-206 шоттардың кредитінен №811 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
811	-	201-206	Материалдық есептер, жүкқұжаттар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№201-206) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның өнімді өткізу бойынша шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада оның ақша қаражаттарының мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында тігілген аяқ киімдерді орау үшін 2005 жылы маусым айындағы цех бастығының материалдық есебіне сәйкес 18000 теңгеге қағаз қорапшалары шығыс етілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
811	-	201	= 18000	1 типті операция
А (+)		А (-)		

д) Өнім, тауарларды өткізумен айналысатын жұмысшылардың еңбек ақысын есептеу. Бұл операциялар №811 «Дайын өнім, тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өткізу бойынша шығыстар» дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар персоналға еңбек ақы есептеуден пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №681 шоттың кредитінен №811 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
811	-	681	Еңбек ақы есептеу бойынша есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№681) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын

алады. Бір жағынан кәсіпорынның өнімін өткізу бойынша шығыстары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға еңбек ақы бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында ағаш жәшіктерге цехтың өнімін жайғастырумен айналысатын жұмысшыларға 2005 жылы шілде айындағы еңбек ақы есептеу мен жүктелімдерге сәйкес 168000 теңгеге еңбек ақы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
801 А (+)	- 681 П (+)	= 168000	3 типті операция

е) Көмекші өндірістердің қызмет ету шығындарының өзіндік құнын анықтау. Бұл операциялар №821 «Жалпы және әкімшілік шығыстар» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар көмекші өндірістердің жұмсаған шығындарының жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №920 шоттың кредитінен №821 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
821	- 920	Кәсіпорын бойынша бұйрық, материалдарды шығыс ету актілері, материалдық есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№920) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның жалпы және әкімшілік шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада көмекші өндірістердің қызмет ету шығындарының мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында жалпы шаруашылық шығыстарға 2005 жылы қазан айының 3 жұлдызындағы материалдарды шығыс

етудің №2 актісі мен кәсіпорын бойынша бұйрыққа сәйкес 480000 теңге сомада көмекші өндірістердің қызмет ету шығындары шығыс етілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
821 А (+)	- 920 А (-)	= 480000	1 типті операция

ж) Әкімшілік-басқару персоналының іс сапар шығыстарын шығыс ету. Бұл операциялар №821 «Жалпы және әкімшілік шығыстар» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жұмсалған шығындар мен үстеме шығыстардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №687 шоттың кредитінен №821 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
821	- 687	Кәсіпорын бойынша бұйрық, аванстық есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№687) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның жалпы және әкімшілік шығыстары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға шығындар бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында Астана қаласына директордың қызмет іс сапары жөнінен шығыстар 2005 жылы мамыр айының 18 жұлдызындағы №23 аванстық есеп пен кәсіпорын бойынша бұйрығына сәйкес 37000 теңге сомада шығыс етіледі. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
821 А (+)	- 687 П (+)	= 370000	3 типті операция

з) Қаржылық ресурстар немесе несиелерді пайдаланғаны үшін сыйақылар есептеу. Бұл операциялар №831 «Қаржыны пайдаланғаны үшін сыйақы сипатында есептелген шығыстар» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жұмсалған шығындар мен үстеме шығыстардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №684 шоттың кредитінен №831 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
831	-	684	Банктің келісімдері, сыйақылар есептеу бойынша есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№684) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның қаржыны пайдаланғаны үшін сыйақылар есептеу шығыстары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға аталған шығыстар бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында үстіміздегі жылдың 1 жарты жылдығында банктің несиесін пайдаланғаны үшін 2005 жылы маусым айында сыйақы есептеу бойынша банктің келісім шарттары мен есептеріне сәйкес 42000 теңге сомада сыйақы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
831	-	684	= 42000	3 типті операция
А (+)		П (+)		

и) Өткізілген (жойылған) негізгі құралдардың қалдық құнының сомаларын шығыс ету. Бұл операциялар №842 «Негізгі құралдардың есептен шығуы бойынша шығыстар» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жұмсалған шығындардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №121- 125 шоттардың кредитінен №842 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Кұжаттар
842	- 121- 125	Негізгі құралдарды өткізу (жою) туралы актілер, жүкқұжаттар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№121-125) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның негізгі құралдарды өткізу (жою) бойынша шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада негізгі құралдардың мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы маусым айының 18 жұлдызындағы №6 шот-фактура мен негізгі құралды өткізу актісіне сәйкес 240000 теңге сомада қалдық құн бойынша дирменнің жабдығы өткізілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
842	- 123	= 240000	1 типті операция
А (+)	А (-)		

к) Кәсіпорынның корпоративтік табыс салығын есептеу. Бұл операциялар №851 «Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар корпоративтік табыс салығы бойынша жұмсалған шығындардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №631 шоттың кредитінен №851 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Кұжаттар
851	- 631	Корпоративтік табыс салығының есептелуі

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№631) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын

алады. Бір жағынан кәсіпорынның корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға аталған шығыстар бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы жылдағы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша 2006 жылы наурыз айының 29 жұлдызындағы салық салу мөлшерлемелері бойынша есептеріне сәйкес 184000 теңге сомада корпоративтік табыс салығы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
851 А (+)	- 631 П (+)	= 184000	3 типті операция

Енді шығыстардың кему (жабылу) жағдайларын қараймыз

Бұл жағдайларда шығыстар кредит бойынша өтеді. Бұл жерде біз шығыстар жабылуының ерекшеліктеріне назар аударуымыз керек.

а) Жиынтық табыс (залал) шотына шығыстарды жабу. Бұл операциялар №801,811,821,831,841,851,861,871 «Шығыстар» шотының кредиті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жыл соңында жабылатындықтан, шаруашылық операциялар жоғарыда көрсетілген шоттардың кредитінен тек қана №571 «Жиынтық табыс (залал)» шотының дебетіне жабылады. Бұл операциялардың ерекшелігі олардың жыл соңында тек қана 1 рет жасалатындығынан тұрады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
571	801, 811, 821, 831 841, 851, 861, 871	Нұсқаулардың ережелері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда баланстың активі мен пассиві кемітін 4 типті «Пассивті - активті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын шығыстарының мөлшері жабылады, екінші жағынан бір

мезгілде сол сомаға жиынтық табыстың есебі кемиді (жұмсалады).
Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында жыл соңында өткізілген өнімнің өзіндік құны бухгалтерлік есеп шоттары Типтік жоспарының нұсқауларына сәйкес жиынтық табысты анықтау үшін 4400000 теңге сомада №571 шотқа жабылады. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
571	-	801	=	4400000	4 типті операция
П (-)		А (-)			

Сонымен біз 8 бөлімнің шоттары бойынша шаруашылық операциялар құрудың варианттарын қарап талдадық.

IX Бөлім

ӨНДІРІСТІК ЕСЕП ШОТТАРЫ

Бұл бөлім активті екені және 4 (№90,91,92,93) бөлімшелерден тұратындығы кестеден көрініп тұр. Негізгі, меншікті және көмекші өндірістер, сондай-ақ үстеме шығыстар активтер болып табылады, өйткені олар бар болуды білдіреді және активті шоттарда бейнеленеді. өндірістік есеп шоттарын және калькуляциялық деп те атайды, өйткені ол шоттарда шығындардың калькуляциялауы (жиынтығы) жүргізіледі. Бұл бөлімнің шоттары саудада, сақтандыру ісі мен инвестициялық қызметте, яғни өндіріс жоқ барлық жерде, болмайды.

Олардың пайда болын (көбеюін) қараймыз

Бұл жағдайда олар дебет бойынша өтеді. Бұл жерде біз өндірістік шығыстар қандай элементтерден пайда болатындығына назар аударуымыз керек.

а) Тауар-материалдық құндылықтарды өндірістік цехтардың мұқтаждықтарына шығыс ету. Бұл операциялар №901,911,921 «Өндірістегі материалдар» шоттарының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар тауар-материалдық құндылықтардың жиынтығынын пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №201-206,208 шоттардың кредитінен №901,911,921 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
901, 911, 921	- 201- 206, 208	Материалдық есептер, жүкқұжаттар, шоттар, карточкалар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№201-206) 1 типті «Активті

- активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорын өндірісіндегі шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада материалдық ресурстардың мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: үстіміздегі жылдың 2-ші тоқсанында агрегаттар цехының өндірістік мұқтаждарына 2005 жылы маусым айындағы цех бастығының материалдық есебі, шектеу-алу карточкалары мен жүкқұжаттарына сәйкес 8750000 теңге сомаға табақ темір шығыс етілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
901 А (+)	- 201 А (-)	= 8750000	1 типті операция

б) Көмекші цехтардың өнімін негізгі өндірістің мұқтаждықтарына шығыс ету. Бұл операциялар №901 «Өндірістегі материалдар» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар көмекші өндірістер шығындарының жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар кредитінен №920 шоттың кредитінен №901 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
901	- 920	Талаптар, жүкқұжаттар, шектеу-алу карточкалары

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№920) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорын өндірісіндегі шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада көмекші өндірістер бойынша шығындардың мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: үстіміздегі жылдың 3-ші тоқсанында темір-бетон бұйымдарын қуя цехының өндірістік мұқтаждықтарына 2005 жылы қазан айының 1 жұлдызындағы қазандықтың №183

жүккұжатына сәйкес көмекші өндірістен 860000 теңге сомада өндірістік бу мен су жұмсалды. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
901 А (+)	- 920 А (-)	= 860000	1 типті операция

в) Негізгі өндірістегі жұмысшылардың еңбек ақысын есептеу. Бұл операциялар №902 «Өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар өндірістік жұмысшылардың еңбек ақысына шығындардан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №681 шоттың кредитінен №902 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
902	- 681	Жүктелімдер, еңбек ақы есептеу бойынша есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№681) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын өндірісіндегі шығыстары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға еңбек ақы есептеу бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: за сентябрь месяц рабочим литейного цеха начислено заработной платы на сумму 2000000 тенге согласно нарядам и расчетам по начислению заработной платы за сентябрь 2005 г. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
902 А (+)	- 681 П (+)	= 2000000	3 типті операция

г) Негізгі өндірістегі жұмысшылардың еңбек ақысы есебінен әлеуметтік салық және әлеуметтік мұқтаждықтарға қаржылар есептеу. Бұл операциялар №903 «Еңбек ақыдан бөлінген қаржы» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар өндірістік жұмысшылардың еңбек ақысы есебінен қаржы бөлу мен әлеуметтік салықтан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №635,687 шоттардың кредитінен №903 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
903	- 635, 687	Еңбек ақы, әлеуметтік салық пен әлеуметтік мұқтаждықтарға қаржы бөлу бойынша есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№635,687) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын өндірісіндегі шығыстары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға әлеуметтік салық пен әлеуметтік мұқтаждықтарға қаржылар есептеу бойынша кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысалдар келтіреміз: 1) қыркүйек айында шойын қую цехы жұмысшыларының еңбек ақысы есебінен 2005 жылы қыркүйек айындағы әлеуметтік салық есептеу бойынша есептерге сәйкес 378000 теңге сомада әлеуметтік салық есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
903	- 635	= 378000	3 типті операция
А (+)	П (+)		

2) қыркүйек айында шойын қую цехы жұмысшыларының еңбек ақысы есебінен 2005 жылы қыркүйек айында әлеуметтік мұқтаждықтарға қаржы бөлу бойынша есептерге сәйкес 30000 теңге әлеуметтік мұқтаждықтарға қаржы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
903	-	687	=	30000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

д) Газ, электр және қуаттың басқа түрлері ретіндегі өндірістік мұқтаждықтарына жеткізіп берушілердің шоттарын акцепттеу (келісім беру). Бұл операциялар №901 «Негізгі өндірістегі материалдар» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жеткізіп берушілердің беретін қуаттың түрлерінен пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №671 шоттың кредитінен №901 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Құжаттар
901	-	671		Келісімдер, шот-фактурлар, жүкқұжаттар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№671) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын өндірісіндегі шығыстар, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға жеткізіп берушілерге кредиторлық қарыздары көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: қыркүйек айында күйдіру цехы бойынша 2005 жылы қыркүйек айының 30 жұлдызындағы №354 шот-фактураға сәйкес 950000 теңге сомаға электр қуаты мен газды пайдаланғаны үшін жеткізіп берушілердің шоттары акцепттелді (келісілді). Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Құжаттар
903	-	671	=	950000	3 типті операция
А (+)		П (+)			

е) Негізгі өндірістің артығын кіріске алу. Бұл операциялар №900 «Негізгі өндіріс» шотының дебеті бойынша бейнеленеді.

Шығындардың көбеюі негізгі өндірістің артығын кіріске алудан болатындықтан, шаруашылық операциялар №701 шоттың кредитінен №900 шоттың дебетіне жасалады. Бұл жағдай қосымша табыс пайда болғанын және ол салық салынуға жататындығын білдіреді. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Түгендеу
900	-	701	Түгендеу актілері, жүкқұжаттар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№701) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция орын алады. Бір жағынан кәсіпорын өндірісіндегі шығыстар, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі қызметтен түскен табыстар көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: қазан айында құрастыру цех бойынша 2005 жылы қазан айының 30 жұлдызындағы №3 түгендеу актіне сәйкес 460000 теңге сомада негізгі өндірістің артығы анықталып кіріске алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Ескерту
900	-	701	3 типті операция
А (+)		П (+)	

ж) Негізгі өндірістің шығындарын жинақтау. Бұл операциялар №900 «Негізгі өндіріс» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығындардың жиынтығы калькуляциялық шоттарға сәйкес жасалатындықтан, шаруашылық операциялар №901-904 шоттардың кредитінен №900 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
900	-	901-904	Калькуляциялық шығындардың, жиынтығы, бухгалтерлік анықтама

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№901-904) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның негізгі өндірісіндегі шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада калькуляциялық шоттар бойынша шығындардың мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын бойынша шілде айында комбайндардың моторларын құрастыратын цех бойынша шығындардың жалпы сомасы 2005 жылы тамыз айының 1 жұлдызындағы №10 ведомосына сәйкес 46000000 теңгені құрады. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сума	Ескерту
900 А (+)	- 901- 904 А (-)	= 46000000	1 типті операция

з) Негізгі және көмекші өндірістердегі негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясын есептеу. Бұл операциялар №935 «Негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығындардың жиынтығы негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша жиналатындықтан, шаруашылық операциялар №131-134 «Негізгі құралдардың тозуы», 111-116 «Материалдық емес активтердің амортизациясы» шоттарының кредитінен №935 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
935	131-134 111-116	Негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясын есептеу бойынша есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: кредиттік жағында тек қана пассивті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№111,131) баланстың активі мен пассиві көбейетін 3 типті «Активті - пассивті» операция

орын алады. Бір жағынан кәсіпорынның негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстары, екінші жағынан бір мезгілде сол сомаға негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы көбейеді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 2005 жылы тамыз айында негізгі құралдардың тозуын есептеу бойынша есептер мен ережелерге сәйкес 68750 теңге сомада үйлер мен ғимараттардың тозуы есептелді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома		Ескерту
935	-	131	=	68750		3 типті операция
А (+)		А (+)				

Енді негізгі және көмекші өндірістер шығыстарының кему (жабылу) жағдайларын қараймыз

Бұл жағдайларда көрсетілген шығыстар кредит бойынша өтеді. Бұл жерде біз шығыстар шоттары жабылуының ерекшеліктеріне назар аударуымыз керек.

а) Дайын өнімді кіріске алу. Бұл операциялар №221 «Дайын өнім» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Дайын өнім жұмсалған шығындардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №900 шоттың кредитінен №221 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Құжаттар
221	-	900		Жұмсалған шығындардың жиынтығы, №10 журнал-ордер, жүкқұжаттар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№221) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер

болады. Бір жағынан кәсіпорынның дайын өнімі көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада негізгі өндіріс бойынша шығындардың мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорында 9 ай ішінде 2005 жылы қыркүйек айындағы №10 журнал-ордердің мәліметтеріне сәйкес 5850000 теңгеге дайын өнім шығарылды. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
221	-	900	=	5850000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

б) Жұмыстар, қызметтер өткізудің өзіндік құнын анықтау. Бұл операциялар №801 «Өткізілген жұмыстардың, қызметтердің өзіндік құны» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жұмсалған шығындардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №900 шоттың кредитінен №801 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
801	-	900	Жұмсалған шығындардың жиынтығы, №10 журнал-ордер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№801) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның өнім өндіру бойынша шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада негізгі өндіріс бойынша шығындардың мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын бойынша 9 ай ішінде өткізілген жұмыстардың өзіндік құны 2005 жылы қыркүйек айындағы №10 журнал-ордердің мәліметтеріне сәйкес 12350000 теңгені құрады. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
801	-	900	=	12350000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

(Бұл шаруашылық операция 8 «б» бөлімінде келтірілген болатын).

в) Ауыл шаруашылығында құнарлы малдың төлін кіріске алу. Бұл операциялар №126 «Аяқталмаған құрылыс» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Құнарлы малдың төлі ауыл шаруашылығында жұмсалған шығындардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №900 шоттың кредитінен №126 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт		Құжаттар
126	-	900		Құнарлы малды бонитировка жасаудың Ф№24 үлгідегі актілері, жүкқұжаттар

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№126) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның құнарлы малының төлі көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада негізгі өндіріс бойынша шығындардың мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын бойынша 6 ай ішінде 2005 жылы маусым айындағы құнарлы малды бонитирлеудің Ф№ 24 үлгідегі актіге сәйкес 125000 теңгеге ірі қара малдың төлі алынды. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт		Сома	Ескерту
126	-	900	=	125000	1 типті операция
А (+)		А (-)			

г) Табиғи апаттардың әсерін жою бойынша негізгі өндірістің шығындарын бейнелеу. Бұл операциялар №861, 862 «Табиғи апаттар әсерінен болған залалдар» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар табиғи апаттардың әсерін жою бойынша жұмсалған шығындардың жиынтығынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №900 шоттың кредитінен №861,862 шоттардың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт	Кт	Құжаттар
861, 862	- 900	Кәсіпорын бойынша бұйрық, негізгі өндірістің шығыстарын шығыс ету актілері, есептер

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шоттар орналасқан. Бұл жағдайда (№861,862) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның табиғи апаттардың әсерін жою бойынша жұмсалған шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада негізгі өндіріс бойынша шығындардың мөлшері кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: кәсіпорын 2005 жылы шілде айының 25 жұлдызындағы негізгі өндірістің шығыстарын шығыс етудің №1 акті мен кәсіпорын бойынша директордың бұйрығына сәйкес 650000 теңге сомада орман өртіні сөндіру нәтижесінде негізгі өндірістің залалын шекті. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт	Кт	Сома	Ескерту
861 А (+)	- 900 А (-)	= 650000	1 типті операция

д) Жыл соңында негізгі өндірістің қалдықтарын аяқталмаған өндіріс есебіне өткізу. Бұл операциялар №211 «Аяқталмаған өндіріс» шотының дебеті бойынша бейнеленеді. Шығыстар жұмсалған шығындардың қалдықтарынан пайда болатындықтан, шаруашылық операциялар №900 шоттың кредитінен №211 шоттың дебетіне жасалады. Бухгалтерлік жазу төмендегінше болады:

Дт		Кт	Құжаттар
211	-	900	Нұсқаудың ережелері, түгендеу актілері

Жазудың дұрыстығын тексереміз: дебеттік жағында тек қана активті шот орналасқан. Бұл жағдайда (№211) 1 типті «Активті - активті» операция орын алады, яғни баланстың активінде тек қана өзгерістер болады. Бір жағынан кәсіпорынның аяқталмаған өндірісі бойынша шығыстары көбейеді, екінші жағынан бір мезгілде сол сомада негізгі өндірістің шығындары кемиді.

Бұл жағдай жазудың дұрыстығын білдіреді.

Мысал келтіреміз: жыл соңында зауыттың жинайтын цехында 2005 жылы желтоқсан айының 30 жұлдызындағы түгендеудің №3 акті мен нұсқаудың ережелеріне сәйкес «Аяқталмаған өндіріс» бабына негізгі өндірістің қалдығы 840000 теңге сомада көшірілді. Бұл жағдайда бухгалтерлік проводка төмендегінше болады:

Дт		Кт	Сома	Ескерту
211	-	900	= 840000	1 типті операция
А (+)		А (-)		

Сонымен біз 9 бөлімнің шоттары бойынша шаруашылық операциялар құру варианттарын қарап талдадық.

КОНТРАРЛЫ ШОТТАР

Бұл шоттардың аталуы латын тілінен «Контра» - бұрынрақ жасалған жазу өзінің маңызын жоғалтатын бухгалтерлік есепте бұрын жазылған жазудың қарсы алдында жасалатын бухгалтерлік жазу. Бұдан **контрарлы шоттар** – бұл қайсы бір шоттардың қажетті көрсеткіштерін реттеу (жою) үшін пайдаланатын бухгалтерлік шоттар екендігі келіп шығады.

Бұл шоттар бізге нарықтық экономиканың келуімен енгізілді. Атап айтқанда, олар сауда саласындағы (сатылған тауарларды қайтару, сату жеңілдігі немесе бағаны түсіру кезінде), төтенше жағдайлар, тоқтатылған операциялар және басқа ұйымдардағы үлестік қатысудан болған (бір-біріне қарама-қарсы келетін «табыс» немесе «залал» көрсеткіштері пайда болған кезде) шаруашылық операцияларды реттеу үшін қолданылады.

Сонымен, **контрпассивті шоттар** – пассивті шоттардың (№711,712,713 шоттар) көрсеткіштерін реттеу үшін арналған бухгалтерлік есептің шоттары.

Контраактивті шоттар – активті шоттардың (№862,863,864,871шоттар) көрсеткіштерін реттеу үшін арналған бухгалтерлік есептің шоттары.

(Бухгалтерлік шоттарды жіктеу кестесін қараңыз).

Бұл жерде біз №862,863,864 «Төтенше жағдайлар мен тоқтатылған операциялардан түскен табыс (залал)» мен №871 «Басқа ұйымдардағы үлестік қатысудан түскен табыс (залал)» контрактивті шоттардың атауларында «Табыс» деп жазылғанына назар аударайық. Бұл активті де, пассивті де бола алатындығын, яғни оның балансының активін реттейтінін білдіреді. Сондықтан олар контрактивті деп аталады. Ол нәрсені №861 «Зілзала апаттарынан болған өтелмейтін залал» шоты туралы айтуға болмайды, өйткені өтелмейтін залалда табыс жағынан ешқандай сөз болуы мүмкін емес.

Енді контрпассивті шоттар туралы сөз айтайық. Тек қана нарықтық қатынастар келген соң келісім шарттарына сәйкес сатылған тауарларды қайтару, сату жеңілдігі, бағаны түсіру сияқты ұғымдар біздің өмірімізге ене бастады. Бұл жағдай сатып алушыларға өзінің мұқтаждықтарына тауарларды таңдау мен сатып алуда оның құқығын қорғауға мүмкіндік береді, ал сатушының өткізетін тауары үшін оның жауапкершілігінің дәрежесін күшейтеді.

Контрпассивті шоттар 7-ші (пассивті) бөлімнің шоттары бола тұрып, есептеу кезінде шаруашылық операцияның дебеттік жағында орналасып, тауарлар, өнім өткізудің бұрынғы көрсеткіштерін реттейтін жағдайына назар аударайық.

Мысалдар келтіреміз:

а) Контрпассивті шоттар.

1) Кәсіпорын тапсырыс берушіге 1000000 теңгеге дайын өнім өткізді.

2) Өткізілген өнімге 150000 теңге сомада ҚҚС-ы есептелді.

3) Тапсырыс беруші алынған өнім үшін 1150000 теңге аударып берді.

4) Өткізілген өнімнің өзіндік құны 800000 теңге сомада шығыс етілді.

Келісім шарттарымен карастырылған кейбір себептермен байланысты 300000 теңге сомадағы тауардың бір бөлігі кәсіпорынның өзіне қайтарылды. Осы себептен төмендегі операциялар қосымша пайда болады:

5) Сатылған тауарлардың 300000 теңгеге қайтарылуы (сату бағасы бойынша).

6) Есеп айырысу шотындағы ақшаның 345000 теңгеге кемуі.

7) Өткізілген өнімге есептелген ҚҚС-ң 45000 теңге мөлшерде қайтарылуы.

8) Қоймадағы дайын өнім қалдығының 240000 теңгеге көбеюі.

Тауарлардың қайтарылуы мен оның нәтижесі бойынша шаруашылық операциялар жазамыз.

№	Операциялардың аталуы	Сомасы	Шоттардың корреспонденциясы	
			Д-т	К-т
1	2	3	4	5
1	Тапсырыс берушіге дайын өнім өткізілді	1000000	301	701
2	Өткізілген өнімге ҚҚС-ы есептелді	150000	301	633
3	Есеп айырысу шотына тапсырыс берушіден ақша келіп түсті	1150000	441	301
4	Дайын өнімнің өзіндік құны шығыс етілді	800000	801	221
5	Сатылған тауарлардың қайтарылуы	300000	711	301
6	Қайтарылған тауар үшін тапсырыс берушінің ақшасын қайтару	345000	301	441
7	Қайтарылған тауарға есептелген ҚҚС-ң сомасын қайтару	45000	301	633
8	Қоймадағы дайын өнім қалдығының көбеюі	240000	801	221

«Сторно» белгісі шаруашылық операциялар сомаларының қосылуы емес, яғни шегерілуін білдіретін теріс белгі.

Сатылған тауарлардың қайтарылу процесінің қаржылық талдауын жасайық:

- 1) Кәсіпорынның тауарды өткізу бойынша табысы 300000 теңгеге кемиді.
- 2) Есеп айырысу шотындағы ақшаның қалдығы 345000 теңгеге (300000 + 45000) кемиді.
- 3) Қоймадағы дайын өнімнің қалдығы 240000 теңгеге көбейеді.
- 4) Өткізілген өнімге есептелген ҚҚС-ң сомасы 105000 теңгеге (150000 - 45000) тең болады.

б) Контрактивті шоттар.

Кәсіпорын бойынша өрт болудың салдарынан қалдық құны 400000 теңгеге тең сиыр қораның ғимараты жанып пайдалануға жарамсыз болып қалды. Бақытына қарай ол 280000 теңгеге сақтандырылған еді.

Төмендегі операцияларды жазамыз:

- 1) Сиир қораның ғимараты табиғи апаттың (өрттің) салдарынан 400000 теңге қалдық құны бойынша шығыс етілді.
- 2) Сақтандыру компаниясы есеп айырысу шотына 280000 теңге мөлшерде сақтандыру сомасын аударып берді (төледі).

Табиғи апат және оның салдары бойынша шаруашылық операциялар жазамыз

№	Операциялардың аталуы	Сомасы	Шоттардың корреспонденциясы	
			Д-т	К-т
1	2	3	4	5
1	Сиир қораның ғимаратын қалдық құны бойынша шығыс ету (шығыстар)	400000	862	122
2	Сақтандыру компаниясы есеп айырысу шотына сақтандыру сомасын аудару (табыс)	280000	441	862

Кәсіпорын екі жағдайда қанша жиынтық табыс (залал) алатындығын келесі «Жиынтық табыс (залал)» бөлімінде анықтаймыз.

№571 шот. «Жиынтық табыс (залал)»

Кәсіпорын қызметінің түпкі мақсаты пайда (жиынтық табыс) алу болып табылады. Жиынтық табыс – бұл алынатын табыстар жиынтығының жұмсалған шығыстардан артық болуы. Ондай болмаса кәсіпорын залал, яғни теріс нәтиже шегеді.

Бухгалтерлік есеп шоттары бас жоспарының нұсқауында: жыл соңында 7-ші және 8-ші бөлімдердің барлық шоттары №571 «Жиынтық табыс (залал)» шотына жабылады (шығыс етіледі) және түпкі нәтиже анықталады деп айтылған.

7-ші «Табыстар» бөлімінің барлық шоттары (№71 бөлімше шоттарынан басқа) жыл бойы кредитте болып, ал жыл соңында №571 шоттың дебеті бойынша жабылатындығына назар аударамыз. 8-ші «Шығыстар» бөлімінің барлық шоттары жыл бойы дебетте болып, ал жыл соңында №571 шоттың кредиті бойынша жабылады. Ал №71 «Сатылған тауарларды қайтару, сауда жеңілдігі мен бағаны түсіру» бөлімшесінің шоттары қалай жабылады? Әрине, 8-ші бөлімнің шоттары сияқты №571 шоттың кредиті бойынша жабылады.

Ал №862-864,871 контрактивті шоттар басқа жағдайларда қалай жабылуы мүмкін екендігін кейірек қараймыз.

Бұрынғы мысалдарға қайта ораламыз:

а) Контрпассивті шоттар.

9) №701 шотты 1000000 теңге сомада №571 шоттың кредиті бойынша жабамыз.

10) №711 шотты 300000 теңге сомада №571 шоттың дебеті бойынша жабамыз.

11) №801 шотты 560000 теңге = (800000 - 240000) сомада №571 шоттың дебеті бойынша жабамыз.

12) Есепті жылдың бөлінбеген табысын 140000 теңге = (1000000 - 300000) – 560000 сомада анықтаймыз.

Егер тауар қайтарылмаған жағдайда есепті жылдың бөлінбеген табысы 200000 теңгені = (1000000 – 800000) құрайтын еді.

№	Операциялардың аталуы	Сомасы	Шоттардың корреспонденция	
			Д-т	К-т
1	2	3	4	5
9	№701 шоттың 1000000 теңге сомада №571 шотқа жабылуы	1000000	701	571
10	№711 шоттың 300000 теңге сомада №571 шотқа жабылуы	300000	571	711
11	№801 шоттың 560000 теңге сомада №571 шотқа жабылуы	560000	571	801
12	Есепті жылдың бөлінбеген табысы 140000 теңге болып анықталды	140000	571	561

б) Контракттивті шоттар.

3) №862 (шығыстар) шотын 400000 теңге сомада №571 шотқа жабылуы.

4) №862 (табыстар) шотын 280000 теңге сомада №571 шотқа жабылуы.

5) Есепті жылдың жабылмаған залалы 120000 теңге (400000 - 280000) болып анықталды.

Егер сиыр қораның ғимараты сақтандарылмағанда, есепті жылдың жабылмаған залалы толық 400000 теңгеге тең болар еді.

№	Операциялардың аталуы	Сомасы	Шоттардың корреспонденция	
			Д-т	К-т
1	2	3	4	5
3	№862 (шығыстар) шотын 400000 теңге сомада №571 шотқа жабылуы	400000	571	862
4	№862 (табыстар) шотын 280000 теңге сомада №571 шотқа жабылуы	280000	862	571
5	Есепті жылдың жабылмаған залалы 120000 теңге (400000 - 280000) болып анықталды	120000	561	571

Сонымен, бухгалтерлік есеп шоттары Типтік жоспарының 9 бөлімін қарап шығып талдадық, одан басқа бухгалтерлік есепке студенттерді үйретуді жетілдіру бойынша әдістемелік ұсыныстар бердік.

Оқу материалы қиындылығының жоғарылау дәрежесі бойынша студенттерді одан әрі үйрету үшін оларға «Бухгалтерлік есеп жүргізудің тәжірибелік әдістемелері» оқу-әдістемелік құралын оқып үйрену ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Жұмыс оқулығы. Бухгалтерлік есеп теориясының негіздері. №0008.01.05;4
2. Жұмыс оқулығы. Негізгі құралдар, материалдық емес активтер мен күрделі салымдар есебі. №0008.02.05;4
3. Жұмыс оқулығы. Өндірістік қорлардың есебі. №0008.03.05;4
4. Жұмыс оқулығы. Өнім өндірудегі шығындардың есебі. Дайын өнім және оны өткізудің есебі. №0008.04.05;4
5. Жұмыс оқулығы. Ақша қаражаттары мен есеп айырысудың есебі. №0008.05.05;4
6. Жұмыс оқулығы. Капиталдар мен пайданың есебі, бухгалтерлік есеп беру және есеп саясаты. №0008.06.05;4
7. Скала В.Н., Скала В.И. Сборник бухгалтерских проводок в учете субъектов Республики Казахстан. А., 2003.
8. Субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есеп шоттарының бас жоспары. Ал., 1997.
9. Бухгалтерлік есеп стандарттары бойынша әдістемелік көрсетулер. А., 1997.
10. Каренов Р.С. Терминология рыночной экономики и бизнеса. А., 1995.
11. Салық кодексі. Ас. 2001.
12. Қазақстан Республикасының ұйымдарында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізудің әдістемелік негіздері мен нормативтік құжаттары.
13. Мырзалиев Б.С., Сыздық Қ.С. және басқалар. Ұжымдарда қаржы-шаруашылық қызметін үлгі (типтік) жоспары бойынша есеп жүргізу тәжірибесі. Түркістан 2003.
14. Мырзалиев Б.С., Сыздық Қ.С. және басқалар. Кәсіпорында есеп-қисап шоттарын жүргізудің үлгі (типтік) жоспары. Түркістан 2003.
15. Әбдіқадыров Т.Ә. Аудит және бухгалтерлік есеп. А., 2000.

Қысқартылған сөздердің тізімі

ж – жыл

б. – бет

АЖБқұрылыс – автожанармай қую бекеті құрылысы

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ТМБ – тәуелсіз мемлекеттер достастығы

ЖОО – жоғарғы оқу орны

ҚР – Қазақстан Республикасы

АҚ – акционерлік қоғам

А – актив

П – пассив

т.б. – тағы басқалар

ҚҚС – қосымша құнға салынатын салық

МСИ – мемлекеттік салық инспекциясы

№ 1 қосымша

Субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметі
бухгалтерлік есеп шоттарының

Типтік жоспары
(банктерден басқа)

Шоттың коды

1 БӨЛІМ. АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР

	Шоттардың Типтік жоспары бойынша аталуы	Студенттер үшін шоттарды атаудың ұсынылатын түрі (ресми емес)
1	2	3
10	Материалдық емес активтер	Материалдық емес активтер
101	Лицензиялық келісімдер	Лицензиялық келісімдер
102	Бағдарламаларды қамтамасыз ету	Бағдарламаларды қамтамасыз ету
103	Патенттер	Патенттер
104	Ұйымдастыру шығындары	Ұйымдастыру шығындары
105	Гудвилл (Кәсіпорынның іскер байланыстарының шартты құны)	Гудвилл (Кәсіпорынның іскер байланыстарының шартты құны)
106	Басқа материалдық емес активтер	Басқа материалдық емес активтер
11	Материалдық емес активтердің амортизациясы	Материалдық емес активтердің амортизациясы
111	Материалдық емес активтердің амортизациясы – лицензиялық келісімдер	Лицензиялық келісімдердің амортизациясы
112	Материалдық емес активтердің амортизациясы – бағдарламаларды қамтамасыз ету	Бағдарламаларды қамтамасыз етудің амортизациясы
113	Материалдық емес активтердің амортизациясы – патенттер	Патенттердің амортизациясы
114	Материалдық емес активтердің амортизациясы – ұйымдастыру шығындары	Ұйымдастыру шығындарының амортизациясы
115	Материалдық емес активтердің амортизациясы – гудвилл	Гудвилл бойынша амортизация
116	Материалдық емес активтердің амортизациясы – басқа материалдық емес активтер	Басқа материалдық емес активтердің амортизациясы

12	Негізгі құралдар	Негізгі құралдар
121	Жер	Жер
122	Үйлер мен ғимараттар	Үйлер мен ғимараттар
123	Машиналар мен жабдықтар, беріліс құрылғылар	Машиналар мен жабдықтар, беріліс құрылғылар
124	Көлік құралдары	Көлік құралдары
125	Басқа негізгі құралдар	Басқа негізгі құралдар
126	Аяқталмаған өндіріс	Аяқталмаған өндіріс

13	Негізгі құралдардың тозуы	Негізгі құралдардың тозуы
131	Үйлер мен ғимараттардың тозуы	Үйлер мен ғимараттардың тозуы
132	Машиналар мен жабдықтар, беріліс құрылғылардың тозуы	Машиналар мен жабдықтар, беріліс құрылғылардың тозуы
133	Көлік құралдарының тозуы	Көлік құралдарының тозуы
134	Басқа негізгі құралдардың тозуы	Басқа негізгі құралдардың тозуы
14	Инвестициялар	Инвестициялар
141	Еншілес ұйымдарға инвестициялар	Еншілес ұйымдарға инвестициялар
142	Бағынышты ұйымдарға инвестициялар	Бағынышты ұйымдарға инвестициялар
143	Бірлесіп-бақыланатын заңды тұлғаларға инвестициялар	Бірлесіп-бақыланатын заңды тұлғаларға инвестициялар
144	Жылжымайтын мүлікке инвестициялар	Жылжымайтын мүлікке инвестициялар

2 БӨЛІМ. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

20	Материалдар	Материалдар
201	Шикізат пен материалдар	Шикізат пен материалдар
202	Сатып алынған шалафабрикаттар мен жинақтау бұйымдары, конструкциялар мен тетіктер	Сатып алынған шалафабрикаттар мен жинақтау бұйымдары, конструкциялар мен тетіктер
203	Отын	Отын
204	Ыдыс және ыдыс материалдары	Ыдыс және ыдыс материалдары
205	Қосалқы бөлшектер	Қосалқы бөлшектер
206	Басқа материалдар	Басқа материалдар
207	Сыртқа өндеуге берілген материалдар	Сыртқа өндеуге берілген материалдар
208	Құрылыс және басқа материалдар	Құрылыс және басқа материалдар

21	Аяқталмаған өндіріс	Аяқталмаған өндіріс
211	Негізгі өндіріс	Негізгі өндіріс
212	Меншікті өндірістің шалафабрикаттары	Меншікті өндірістің шалафабрикаттары
213	Көмекші өндірістер	Көмекші өндірістер
22	Тауарлар	Тауарлар
221	Дайын өнім	Дайын өнім
222	Сатып алынған тауарлар	Сатып алынған тауарлар
223	Басқа тауарлар	Басқа тауарлар

3 БӨЛІМ. ДЕБИТОРЛЫҚ ҚАРЫЗ ЖӘНЕ БАСҚА АКТИВТЕР

30	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қарызы	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қарызы
301	Алуға тиіс шоттар	Сатып алушылар мен тапсырысшылар
302	Алынған вексельдер	Алынған вексельдер
303	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың басқа қарыздары	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың басқа қарыздары

31	Күмәнді борыштар бойынша резервтер	Күмәнді борыштар бойынша резервтер
311	Күмәнді борыштар бойынша резервтер	Күмәнді борыштар бойынша резервтер
32	Еншілес (бағынышты) ұйымдардың дебиторлық қарызы	Еншілес (бағынышты) ұйымдардың дебиторлық қарызы
321	Еншілес ұйымдардың дебиторлық қарызы	Еншілес ұйымдардың дебиторлық қарызы
322	Бағынышты ұйымдардың дебиторлық қарызы	Бағынышты ұйымдардың дебиторлық қарызы
323	Бірлесіп-бақыланатын заңды тұлғалардың дебиторлық қарызы	Бірлесіп-бақыланатын заңды тұлғалардың дебиторлық қарызы
33	Басқа дебиторлық қарыз	Басқа дебиторлық қарыз
331	Өтелуге тиіс қосымша құнға салынатын салық	Өтелуге тиіс қосымша құнға салынатын салық
332	Қаржыны пайдаланғаны үшін есептелген сыйақылар	Қаржыны пайдаланғаны үшін есептелген проценттер
333	Қызметкерлердің және басқа адамдардың есепті қарыздары	Есепті және басқа тұлғалар
334	Басқалар, оның ішінде шағымдар бойынша қойылған алашақ қарыздар	Басқалар, оның ішінде шағымдар бойынша қойылған алашақ қарыздар

34	Алдағы кезеңдердің шығыстары	Алдағы кезеңдердің шығыстары
341	Сақтандыру полисі	Сақтандыру полисі
342	Жалгерлік төлемдері	Жалгерлік төлемдері
343	Алдағы кезеңдердің басқа шығыстары	Алдағы кезеңдердің басқа шығыстары
35	Берілген аванстар	Берілген аванстар
351	Тауар-материалдық қорларды жеткізіп беруге берілген аванстар	Тауар-материалдық қорларды жеткізіп беруге берілген аванстар
352	Жұмысты орындауға және қызмет көрсетуге берілген аванстар	Жұмысты орындауға және қызмет көрсетуге берілген аванстар
353	Басқа берілген аванстар	Басқа берілген аванстар

4 БӨЛІМ. ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР МЕН АҚШАЛАР

40	Қаржылық инвестициялар	Қаржылық инвестициялар
401	Акциялар	Акциялар
402	Облигациялар	Облигациялар
403	Басқа қаржылай инвестициялар	Басқа қаржылай инвестициялар
41	Жолдағы ақшалар	Жолдағы ақшалар
411	Жолдағы ақшалар	Жолдағы ақшалар
42	Банктердегі арнаулы шоттардағы ақшалар	Банктердегі арнаулы шоттар
421	Аккредитивтердегі ақшалар	Аккредитивтер
422	Чек кітапшалардағы ақшалар	Чек кітапшалары
423	Банктердегі арнаулы шоттардағы ақшалар	Банктердегі арнаулы шоттар
424	Банктердегі басқа шоттардағы ақшалар	Банктердегі басқа шоттар
43	Валюталық шоттағы ақшалар	Валюталық шоттар
431	Ел ішіндегі валюталық шоттағы ақшалар	Ел ішіндегі валюталық шоттар
432	Шетелдердегі валюталық шоттағы ақшалар	Шетелдердегі валюталық шоттар
44	Есеп айырысу шотындағы ақшалар	Есеп айырысу шоты
441	Есеп айырысу шотындағы ақшалар	Есеп айырысу шоты
45	Кассадағы қолма-қол ақша	Касса
451	Кассадағы ұлттық валютадағы қолма-қол ақша	Ұлттық валюта кассасы
452	Кассадағы шетелдік валютадағы қолма-қол ақша	Шетелдік валюта кассасы

5 БӨЛІМ. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

50	Жарғылық капитал	Жарғылық капитал
501	Жай акциялар	Жай акциялар
502	Артықшылықты акциялар	Артықшылықты акциялар
503	Салымдар мен пайлар	Салымдар мен пайлар
51	Төленбеген капитал	Төленбеген капитал
511	Төленбеген капитал	Төленбеген капитал
52	Алынып тасталған капитал	Алынып тасталған капитал
521	Алынып тасталған капитал	Алынып тасталған капитал
53	Төленген қосымша капитал	Төленген қосымша капитал
531	Төленген қосымша капитал	Төленген қосымша капитал
54	Төленбеген қосымша капитал	Төленбеген қосымша капитал
541	Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған төленбеген қосымша капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау
542	Инвестияларды қайта бағалаудан болған төленбеген қосымша капитал	Инвестияларды қайта бағалау
543	Басқа активтерді қайта бағалаудан болған төленбеген қосымша капитал	Басқа активтерді қайта бағалау
55	Резервтік капитал	Резервтік капитал
551	Заңдармен бекітілген резервтік капитал	Заңдармен бекітілген резервтік капитал
552	Басқа резервтік капитал	Басқа резервтік капитал
56	Бөлінбеген табыс (жабылмаған залал)	Бөлінбеген табыс (жабылмаған залал)
561	Есепті жылдың бөлінбеген табысы (жабылмаған залалы)	Есепті жылдың бөлінбеген табысы (жабылмаған залалы)
562	Алдыңғы жылдардың бөлінбеген табысы (жабылмаған залалы)	Алдыңғы жылдардың бөлінбеген табысы (жабылмаған залалы)
57	Жиынтық табыс (залал)	Жиынтық табыс (залал)
571	Жиынтық табыс (залал)	Жиынтық табыс (залал)

6 БӨЛІМ. МІНДЕТТЕМЕЛЕР

60	Заемдер (несиелер)	Заемдер (несиелер)
601	Банктердің заемдері	Банктердің заемдері
602	Банктерден тыс мекемелерден алынған заемдер	Банктерден тыс мекемелерден алынған заемдер
603	Басқалар	Басқалар
61	Алдыңғы кезеңдердің табысы	Алдыңғы кезеңдердің табысы
611	Алдыңғы кезеңдердің табысы	Алдыңғы кезеңдердің табысы

62	Дивидендтер бойынша есеп айырысу	Дивидендтер бойынша есеп айырысу
621	Жай акциялар бойынша есеп айырысу	Жай акциялар бойынша есеп айырысу
622	Артықшылықты акциялар бойынша есеп айырысу	Артықшылықты акциялар бойынша есеп айырысу
623	Қатысушылардың табыстары бойынша есептер	Қатысушылардың табыстары бойынша есептер
63	Бюджетпен есеп айырысу	Бюджетпен есеп айырысу
631	Төленуге тиіс ағымдағы корпоративтік табыс салығы	Корпоративтік табыс салығы
632	Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы	Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы
633	Қосымша құнға салынатын салық	Қосымша құнға салынатын салық
634	Акциздер	Акциздер
635	Әлеуметтік салық	Әлеуметтік салық
636	Жер салығы	Жер салығы
637	Мүлік салығы	Мүлік салығы
638	Көлік құралдарына салық	Көлік құралдарына салық
639	Басқа салықтар мен алымдар және бюджетке міндетті төлемдер	Басқа салықтар мен алымдар және бюджетке міндетті төлемдер
64	Еншілес (бағынышты) ұйымдарға кредиторлық қарыз	Еншілес (бағынышты) ұйымдарға кредиторлық қарыз
641	Еншілес ұйымдарға кредиторлық қарыз	Еншілес ұйымдарға кредиторлық қарыз
642	Бағынышты ұйымдарға кредиторлық қарыз	Бағынышты ұйымдарға кредиторлық қарыз
643	Бірлесіп-бақыланатын заңды тұлғаларға қарыз	Бірлесіп-бақыланатын заңды тұлғаларға қарыз
65	Кепілдік және шартты міндеттемелер	Кепілдік және шартты міндеттемелер
651	Кепілдік міндеттелер	Кепілдік міндеттелер
652	Шартты міндеттемелер	Шартты міндеттемелер
66	Алынған аванстар	Алынған аванстар
661	Тауар-материалдық қорларды жеткізіп беруге алынған аванстар	Тауар-материалдық қорларды жеткізіп беруге алынған аванстар
662	Жұмыстарды орындау және қызметтер көрсетуге алынған аванстар	Жұмыстарды орындау және қызметтер көрсетуге алынған аванстар
663	Басқа алынған аванстар	Басқа алынған аванстар
67	Жеткізушілер және мердігерлермен есеп айырысу	Жеткізушілер және мердігерлермен есеп айырысу
671	Төлеуге тиісті шоттар	Жеткізушілер және мердігерлер

68	Басқа кредиторлық қарыздар мен есептелген сомалар	Басқа кредиторлық қарыздар мен есептелген сомалар
681	Қызметкерлермен еңбек ақысы бойынша есеп айырысу	Қызметкерлердің еңбек ақысы
682	Лауазымды адамдарға қарыз	Лауазымды адамдарға қарыз
683	Жалгерлік міндеттемелері	Жалгерлік міндеттемелері
684	Қаржыны пайдалағаны үшін төлеуге тиісті есептелген сыйақылар	Қаржыны пайдалағаны үшін төлеуге тиісті есептелген проценттер
685	Қызметкерлердің демалысы бойынша есептелген қарыз	Қызметкерлердің демалысы бойынша есептелген қарыз
686	Жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша есеп айырысулар	Жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша есеп айырысулар
687	Басқалар	Басқа кредиторлық қарыздар

7 БӨЛІМ. ТАБЫСТАР

70	Негізгі қызметтен түскен табыс	Негізгі қызметтен түскен табыс
701	Дайын өнімді (тауарлар, атқарылған жұмыстар, өтелген қызметтер) өткізуден түскен табыс	Дайын өнімді (тауарлар, атқарылған жұмыстар, өтелген қызметтер) өткізуден түскен табыс
71	Сатылған тауарларды қайтару және сату жеңілдігі, сондай-ақ бағаны түсіру	Сатылған тауарларды қайтару және сату жеңілдігі, сондай-ақ бағаны түсіру
711	Сатылған тауарларды қайтару	Сатылған тауарларды қайтару
712	Сату жеңілдігі	Сату жеңілдігі
713	Бағаны түсіру	Бағаны түсіру
72	Негізгі емес қызметтен түскен табыс	Негізгі емес қызметтен түскен табыс
721	Материалдық емес активтердің есептен шығуынан түскен табыс	Материалдық емес активтердің есептен шығуынан түскен табыс
722	Негізгі құралдардың есептен шығуынан түскен табыс	Негізгі құралдардың есептен шығуынан түскен табыс
723	Инвестициялардың, қаржылай инвестициялардың пайдаланылуынан түскен табыс	Инвестициялардың, қаржылай инвестициялардың пайдаланылуынан түскен табыс
724	Акциялар бойынша дивидендтер және қаржыларды пайдаланғаны үшін есептелген сыйақы сипатында түскен табыс	Акциялар бойынша дивидендтер және қаржыларды пайдаланғаны үшін есептелген проценттер сипатында түскен табыс
725	Бағамдық айырмадан түскен табыс	Бағамдық айырмадан түскен табыс

726	Әкіметтің атқарушы органдарының субсидиялары	Әкіметтің атқарушы органдарының субсидиялары
727	Негізгі емес қызметтен түскен басқа табыстар	Негізгі емес қызметтен түскен басқа табыстар

8 БӨЛІМ. ШЫҒЫСТАР

80	Өткізілген тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) өзіндік құны	Өткізілген тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) өзіндік құны
801	Өткізілген дайын өнімнің (тауарлар, орындалған жұмыстар, атқарылған қызметтер) өзіндік құны	Өткізілген дайын өнімнің (тауарлар, орындалған жұмыстар, атқарылған қызметтер) өзіндік құны
81	Дайын өнім, тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өткізу бойынша шығыстар	Дайын өнім, тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өткізу бойынша шығыстар
811	Дайын өнім, тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өткізу бойынша шығыстар	Дайын өнім, тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өткізу бойынша шығыстар
82	Жалпы және әкімшілік шығыстар	Жалпы және әкімшілік шығыстар
821	Жалпы және әкімшілік шығыстар	Жалпы және әкімшілік шығыстар
83	Қаржыны пайдаланғаны үшін сыйақы сипатында есептелген шығыстар	Қаржыны пайдаланғаны үшін проценттер сипатында есептелген шығыстар
831	Қаржыны пайдаланғаны үшін сыйақы сипатында есептелген шығыстар	Қаржыны пайдаланғаны үшін проценттер сипатында есептелген шығыстар
84	Негізгі емес қызмет бойынша шығыстар	Негізгі емес қызмет бойынша шығыстар
841	Материалдық емес активтердің есептен шығуы бойынша шығыстар	Материалдық емес активтердің есептен шығуы бойынша шығыстар
842	Негізгі құралдардың есептен шығуы бойынша шығыстар	Негізгі құралдардың есептен шығуы бойынша шығыстар
843	Инвестициялардың, қаржылай инвестициялардың пайдаланылуымен байланысты шығыстар	Инвестициялардың, қаржылай инвестициялардың пайдаланылуымен байланысты шығыстар
844	Бағамдық айырма бойынша шығыстар	Бағамдық айырма бойынша шығыстар
845	Негізгі емес қызметі бойынша басқа шығыстар	Негізгі емес қызметі бойынша басқа шығыстар
85	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар

851	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар
86	Төтенше жағдайлар мен тоқтатылған операциялардан түскен табыс (залал)	Төтенше жағдайлар мен тоқтатылған операциялардан түскен табыс (залал)
861	Зілзала апаттарынан болған өтелмейтін залал	Зілзала апаттарынан болған өтелмейтін залал
862	Зілзала апаттарынан түскен табыс (залал)	Зілзала апаттарынан түскен табыс (залал)
863	Тоқтатылған операциялардан түскен табыс (залал)	Тоқтатылған операциялардан түскен табыс (залал)

864	Төтенше жағдайлар мен тоқтатылған операциялардан түскен басқа табыс (залал)	Төтенше жағдайлар мен тоқтатылған операциялардан түскен басқа табыс (залал)
87	Басқа ұйымдардағы үлестік қатысудан түскен табыс (залал)	Басқа ұйымдардағы үлестік қатысудан түскен табыс (залал)
871	Басқа ұйымдардағы үлестік қатысудан түскен табыс (залал)	Басқа ұйымдардағы үлестік қатысудан түскен табыс (залал)

9 БӨЛІМ. ӨНДІРІСТІК ЕСЕП ШОТТАРЫ

90	Негізгі өндіріс	Негізгі өндіріс
900	Негізгі өндіріс	Негізгі өндіріс
901	Материалдар	Материалдар
902	Өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу	Өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу
903	Еңбек ақыдан бөлінген қаржы	Еңбек ақыдан бөлінген қаржы
904	Үстеме шығыстар	Үстеме шығыстар
91	Меншікті өндірістің шалафабрикаттары	Меншікті өндірістің шалафабрикаттары
910	Меншікті өндірістің шалафабрикаттары	Меншікті өндірістің шалафабрикаттары
911	Материалдар	Материалдар
912	Өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу	Өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу
913	Еңбек ақыдан бөлінген қаржы	Еңбек ақыдан бөлінген қаржы
914	Үстеме шығыстар	Үстеме шығыстар
92	Көмекші өндіріс	Көмекші өндіріс
920	Көмекші өндіріс	Көмекші өндіріс
921	Материалдар	Материалдар
922	Өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу	Өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу
923	Еңбек ақыдан бөлінген қаржы	Еңбек ақыдан бөлінген қаржы

924	Үстеме шығыстар	Үстеме шығыстар
93	Үстеме шығыстар	Үстеме шығыстар
930	Үстеме шығыстар	Үстеме шығыстар
931	Материалдар	Материалдар
932	Өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу	Өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу
933	Еңбек ақыдан бөлінген қаржы	Еңбек ақыдан бөлінген қаржы
934	Негізгі құралдарды жөндеу	Негізгі құралдарды жөндеу
935	Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы
936	Коммуналдық қызметтер	Коммуналдық қызметтер
937	Жалгерлік төлемдері	Жалгерлік төлемдері
938	Басқалар	Басқалар

**10 БӨЛІМ. БАЛАНСҚА КЕЛТІРУ ЕСЕПТЕМЕСІ
(БАЛАНСТАН ТЫС ШОТТАР)**

001	Жалдағы негізгі құралдар
002	Жауапты сақтауға қабылданған тауарлық-материалдық бағалы заттар
003	Өңдеуге сырттан қабылданған материалдар
004	Бағалап сату үшін қабылданған тауарлар
005	Құрастыру үшін қабылданған жабдықтар
006	Қатаң есептелетін бланкілер
007	Төлеуге шамасы жоқ дебиторлардың шығынға жазылған борыштары
008	Алынған міндеттемелер мен төлеулердің қамтылуы
009	Берілген міндеттемелер мен төлеулердің қамтылуы
014	Тұрғын үйлер қорының тозуы
015	Сыртқы көркейту және сол сияқты басқа объектілердің тозуы
016	Жалдағы негізгі құралдардың тозуы
017	Жалдағы материалдық емес активтердің амортизациясы
021	Жалға берілген негізгі құралдар

М а з м ұ н ы

Кіріспе	3
Әдістемелік көрсетулер.....	5
I Бөлім. Айналымнан тыс активтер	10
II Бөлім. Тауар-материалдық қорлар	22
III Бөлім. Дебиторлық қарыз және басқа активтер	32
IV Бөлім. Қаржылық инвестициялар мен ақшалар	44
V Бөлім. Меншікті капитал	57
VI Бөлім. Міндеттемелер	68
VII Бөлім. Табыстар	84
VIII Бөлім. Шығыстар	91
IX Бөлім. Өндірістік есеп шоттары	101
Контрарлық шоттар	113
№ 571 «Жиынтық табыс (залал)»	116
Пайдаланған әдебиеттердің тізімі	119
Қысқартылған сөздердің тізімі	120
№ 1 қосымша. Субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметі бухгалтерлік есеп шоттарының Типтік жоспары	121

*Мырзалиев Б. С.
Әбдішүкіров Р. С.*

**БУХГАЛТЕРЛІК ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ
ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕРІ**

Оқу құралы

*ЖШС «Нұр-пресс» бас директоры
Жансейтов Н. Н.*

Техникалық редакторлар: Омарқожаева Г. К., Төребаева Г. А.

Сарапшысы: Қойлыбаева С. М.

Беттеуші: Төребаева Г. А.

Дизайн: Савельев А. О.

Оператор: Умурова Г. О.

Басуға 22.09.2006 қол қойылды. Офсеттік басылыс.
Пішімі 60х90^{1/16}. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».

Шартты баспа табағы 8,25.

Таралымы 1000. Тапсырыс № 23.

«Нұр-пресс» баспасы

050057 Алматы қ.,

М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.

Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.

E-mail: law-literature2006@rambler.ru

ЖШС “Заң әдебиеті” баспаханасында басылған